Следует сконцентрировать в рамках обновленной Национальной академии ведущие научные направления – инженерно-техническое, педагогическое, медицинское. Пора перейти от разговоров к практической работе по созданию национальных научных центров. Они в состоянии дополнить деятельность академии и обеспечить разработку качественных научно-технических программ по всем отраслям экономики, включая оборонный комплекс. Общество ждет от ученых большей отдачи в области атомной энергетики, радиационной экологии, комплексного использования минерального сырья, производства высокочистых редких металлов и редкоземельных элементов, биотехнологии, радиоэлектроники и связи, новых космических технологий, вычислительной техники, экологического мониторинга и других.

Одной из важнейших проблем – интеграцию вузовской, академической, отраслевой науки – и напрямую связанные с этим вопросы подготовки кадров. В частности, поступает немало предложений о том, чтобы укрупнить национальные университеты и создать сеть региональных университетов.

Назрела необходимость разработать и национальную концепцию подготовки научных и научно-педагогических кадров высшей квалификации. Надо создать все условия для интеграции нашей системы подготовки кад-

ров в мировую образовательную систему, обеспечить международное признание полноценности наших дипломов.

Политика государства в области науки предельно четкая. В Казахстане будет впредь поддерживаться наука и всемерно поощряться ее развитие, укрепление интеллектуального потенциала страны. Этим, прежде всего, и объясняется необходимость совершенствования ее структуры и системы управления.

В нынешних сложных условиях государство будет оказывать и необходимую финансовую поддержку преобразованиям, развитию актуальных исследований. Однако, усиливая поддержку науки, общество вправе рассчитывать и на более высокую отдачу в виде открытий, изобретений, фундаментальных концепций, а также высоких технологий, новых материалов.

В центре нашего внимания будет и социальная защищенность ученых. Сейчас в Правительстве рассматривается вопрос об увеличении оплаты за почетные звания членов академии, а также о надбавке к зарплате докторов и кандидатов наук, работающих в научных организациях и вузах. Разумеется, при том условии, что звания и степени будут в полной мере соответствовать их вкладу в дело науки.

Я выражаю твердую убежденность в том, что в этот ответственный период ученые смогут достойно выполнить ту высокую миссию, которая возложена на научную интелигенцию.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң "КОМСОМОЛЬСКАЯ ПРАВДА" ГАЗЕТИНЕ
БЕРГЕН СҮХБАТЫ***

Алматы, 9 ақпан 1994 жыл

"ӨЗІМІЗ" ДЕП, "ӨЗГЕЛЕР" ДЕП БӨЛМЕЙМІЗ

**Республика дағдарыстан тырбанып шыға ала ма?
ТМД шын достастыққа айнала ма?
Қос азаматтықтың қауіптілігі неде?**

Е. Доцук:

— Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіз таяудағы бір сөзіңізде 1994 жыл Қазақстан үшін шын мәніндегі оң өзгерістер жылы болады деген едіңіз. Сөйтте тұра жылдың басы бағалардың шарықтап өсуімен, теңгенің құнсыздандырумен тұспа-тұс келіп отыр. Сіз экономиканың таяу арада тұрақтануы жөнінде айтқанда неге сүйендіңіз, нақты есептерге ме, экономикалық реформаның барысы жөніндегі көніл көншітерлік деректерге ме, әлде саясаткердің іштей сезіну сеніміне ме?

Н. Назарбаев:

— Устіміздегі жыл Қазақстан үшін оң өзгерістер жылы болады деген сенімім әлдебір нұр шашатын жарықтың арқасындағы көріпкелдікке емес, ең алдымен экономикалық өзгерістер жасаудың барысындағы қол жеткен нақты жетістіктерге негізделген. Реформалар, көлтеген қыындықтардың орын алуына, ырғактың бұзылуына, тілті сәтсіздіктерге ұшыраудың бар екенине қарамастан, нақты нәтижелерін беріп келеді. Ең бастысы экономикамыздың құрылымы іс үстінде өзгеріп жатыр. Былтыр, өнеркәсіп өндірісінің деңгейі жалпы төмендеген кезде, бүкіл кәсіпорындардың төрттен үш бөлігі дағдарыстың шым-шытырық бұраландарынан жол тауып шыға білді және өндірілген нақты өнімдердің есімін қамтамасыз етті. Мұның өзі көп жағдайда жаңа тауарлар шығаруды игеру есебінен жүзеге асырылды. Біз ферромарганец, электрмен пісірілген құбырлар, пісіру электродтарын, жабдықтардың химиялық өнімдердің құрастырмалы және құрылыш материалдарының ондаған түрлерін, теледидарлар, тоңазытқыштар және шаң сорғыштар, аудио және бейнетехника түрлерін шығаруды игердік. Әзірше аз мәлшерде болса да, Қазақстанның өз автомобилдерін шығару қолға алынды.

* "Егемен Қазақстан" газеті, 12 ақпан 1994 жыл.

Міне, сондықтан да, кеше Кеңес Одағы сыртқа сатып келген қару-жарақ шығару немесе таралу мүмкіндігі кем өзге өнімдер өндірісінің көлемі кемігепніне қарамастан, біз оншалықты өкініп отырган жоқпыз. Қазақстанның мұдделесіне қызмет ету мақсатымен нарық жағдайына бейімделіп, өндірісті жүйелі түрде қайта құру ісімен айналысып жатқандардың бәріне де көніл бөліп, қолдау көрсетеміз.

Әрине, өзірше мұның ешқайсысы да бізде көп укладты экономика бар дегенді білдірмейді. Бірақ күні кешеге дейін қофамдық санасты электроникаға негізделген күрделі техника шығара аламыз деп ойлауына мұрша бермейтін, сондай-ақ аға үрпақ өкілдерінің Балтық бойы елдерімен салыстырғанда деп алатын болсақ, жекеменшік дегеннің не екені жөнінде түсінігі де болмаған Қазақстан үшін соңғы екі жылға жетер-жетпес уақыт ішінде мұншалықты елеулі қадам жасау күмәнсіз жетістік болып табылады.

Ақшаның құнсыздануы, теңгенің бағасының едәуір тәмендеуі деген мәселеге келсек, бізге мұның бәрі де күні бұрын белгілі болатын. Бірден ете тұрақты валютаға ие боламыз деу аңғалдықты аңғартар еді. Мұндай жағдай Ресей сомының да, ТМД елдерінің валюталарының да басында бар.

Е. Доцук:

– Сіз әрқашан егемендік дегеніміз – құр мақсат емес, ең бастысы адамдардың тұрмыс-жағдайын нақты түрде жақсарту деп келген едіңіз. Нұрсұлтан Әбішұлы, өзіңіз айтыңызшы, Қазақстан үкіметі Ресейдің "қанауға" негізделген шарттарына келіспей, сом аймағынан шығып кеткені үшін өкінген күніңіз болды ма?

Н. Назарбаев:

– Кез келген мемлекет, белгілі бір мемлекетаралық келісімдерге қол қоя отырып, өзіне екінші жақтың алдында белгілі бір міндеттемелер алады. Сол арқылы оған өз егемендігінің бір бөлігін берген сияқтанады. Көптеген шарттарды, соның ішінде, сіз айтып отырғандай, "қанауға" негізделген шарттарды да қабылдауға болар еді. Бірақ оларды елдің әл-ауқат жағдайын жақсартуға, оның гүлденуіне, өндіріске жаңа технологияларды ендіруіне қызмет ететін болса ғана қабылдау керек екені белгілі. Егер мұндай жағдай, мысалы үшін алайық, Жапониямен бола қалса, онда өз халқымыздың игілігі үшін әлдебір принциптерден тартына тұруымызға неге болмасын?! Ал қазір Ресейдің өз жағдайы да жетісіп тұрған жоқ, оның Қазақстанның мұдделерін ескере қоюы екіталай нәрсе. А.Шохин ұсынған шарттарды біздің қабылдауымызға тіпті де болмайтын еді. Ол біздің сом аймағынан шығуымызды ашиқтан-ашық өтінді. Ал біз мұндай ұсыныстың Халықаралық валюта қоры тарапынан жасалып отырғанын білетін едік. Бір сөзben айтқанда, біздің Ресейге қояр кінәміз жоқ. Сайып келгенде, әр мемлекет өзінің қаржы проблемаларын жеке өзі шешуге ерікті.

Достастық елдері ақыры бір өздерінің ұлттық валюталарынан жоғары тұратын. ТМД аумағында еркін қолданылатын валютаға көшетін болуы тиіс. Мұндай жағдайдың Батыс Еуропадағы сияқты 30 жылдан кейін емес, тезірек болғанын мейлінше қалар едік.

Е. Доцук:

– Нұрсұлтан Әбішұлы, қазір республикада "орыс тақырыбы" шиеленісіп барады...

Н. Назарбаев:

– Ашығын айтайын: бұл тақырып жасанды түрде шиеленісіп барады.

Бірден ескертте кетейін, мен "орыс тілді халық" деген ұғымды тіпті де қабылдай алмаймын. Сонда бізде орыс тілділер кім? Бұқіл Қазақстан, сонын ішінде қазақтардың 99 проценті, орыс тілінде сөйлейді. Егер біз бұл терминді қабылдайтын болсақ, онда мұның мағынасына Қазақстанда тұратын жүзден астам ұлт өкілдерінің барлығын да немістерді де, украиндарды да, беларусьтарды да, гректерді де, көрістерді де, дұнғандарды да... қысқасы, бәрін де, ерікті не еріксіз түрде болса да, сыйдырған болар едік. Сонда бұл термин соңғы кезде қолданылып жүрген kontekste тіпті де ұлттық мұдделерді бейнелей алmas еді.

Жүрттың айтуына қарағанда, қазақ тілі орыс тілін бейне бір ығыстырып бара жатқан сияқты-мыс. Мұның өзі әсіресе халыққа білім беру жүйесінде күшті-міс. Шынында да солай ма? Қазір Қазақстанда орыс тілінде оқитын студенттердің жалпы саны 270 мыңға жетеді. Мұның өзі бұқіл студенттердің 78 проценті. Қазақстандағы мектеп оқушыларының 57 проценттен астамы тек орыс тілінде білім алады. Ал мұның бәрі де қазақ тілі республикада мемлекеттік тіл болып отырған жағдайдағы құбылыс. Сіз мынаны түсініңіз, мемлекеттік тіл жөніндегі бұл конституциялық норма тіпті де әлдебір мемлекеттіліктің формальды белгісін сақтау мақсатымен ғана ендірілген емес. Қайта мұның өзі ең алдымен қазақтардың өз тілінің өз отанында жойылып кету шегіне жеткендігінен болған іс. Мемлекеттің борышы да, біздің адамгершілік борышымыз да бұған жол бермеуді талап етті.

Көші-қон мәселесі туралы сөз қозғамай тұрып, бұл проблеманың тарихына қысқаша шолу жасап алайық. Мәселе мынада: қазақтардың ежелгі атамекені болған жер түрлі тарихи, саяси, әлеуметтік себептерге байланысты әртүрлі халықтардың, негізінен алғанда Ресейдің европалық бөлігіндегі халықтардың өкілдерін барлық уақытта да ұдайы қабылдаумен келді. Сонау Иван Грозный мен Бірінші Петр заманынан бастап-ақ біздің өлкемізде "қашқын адамдар" тобы пайда бола бастады. Кейінрек көші-қон мәселесі Ресейдің мемлекеттік саясаты сипатын ала бастады. Олар мұны Шығысқа әскери және экономикалық мұддемен терең ене бастау үшін қолайлы плацдарм жасау мақсатымен байланыстыруды. Алғашқы жаппай қоныс аудару толқында Ресейдің түкпір-түкпірінен көшірілген шаруалар қамтылды. Олар жерді қайта

бөлудің құрбандықтары, сондай-ақ империяның шекарасын қорғауга тиісті болған казактар еді. Урал, Сібір, Горькая деп аталып, қазақтың байырғы жерлері арқылы өткен "казачество шебі" дейтіндер тап сол кезде пайда болды. Орыс, украин, беларусь, поляк қоныс аударушыларының екінші бір елеулі толқыны Столыпиннің жер реформаларына байланысты келді. Бұл әрекет жерді қайта бөлудің кең көлемді шараларына біздің аумақтарымызды да қосуды көзdedі. Ол кезде Қазақстанға 2 миллионға жететін дерлік адам қоныс аударды. Ақыр аяғында, тіпті таяудағы кезде еріктілердің қалың тобы Қазақстанға тың жерлерді игереміз, "ғасыр құрылыштарын" саламыз деп тағы да ағылды. Мұның өзі, шынтуайтына келгенде, Қазақстанға қоныс аударушылардың көші-қонын мейлінше кең көлемде қамтыған үшінші кезең болды. Міне, тап осы кезде демографиялық жағдай өзгеріп шыға келді. Ол жағдай принципті түрде алғанда күні бүгінге дейін сақталып отыр.

Адамдардың бізге келгендері мақсаттары мен көңіл-куйлери әртүрлі болғаны табиғи нәрсе. Егер алғашқы толқын кезінде қоныс аударушылар ең алдымен жерге орнығуға, шаруашылықтарын жолға қоюға тырысса, соңғы толқында келгендер таза күнкөріс мақсатын ақша тауып, қалталары қалыңдаган соң туып-өскен жерлеріне қайтып кетуді көзdedі. Ал өз атамекендерінен күшпен қылған халықтардың өз отанына қайтып оралуға үмтүлұы әрқашан бірінші кезекте болғаны да табиғи нәрсе. Алайда, бұл жаққа кімнің және қалай келуіне қарамастан, Қазақстанның олар үшін екінші үйіне айналында тіпті де соңғы рөл емес, бәлкім, бірінші рөл атқарған қазақ ұлты, оның жайдары жаңы, меймандастыры, тату-тәтті көрші бола білуі сияқты дәстүрлі қасиеттері болды. Сонда, қорыта келгенде, күштеп колективтендіру кезінде, халқының үштен бірі аштан қырылған және өз отанында осы уақытқа дейін азшылықта қалып отырған қазақтардың кінәсі неде? Оның үстіне, мынаны да айта кеткен жөн. Қазақстанға келгендердің көпшілігі өздерін мұндағы "өмірдің қожайындары" ретінде сезінді. Өйткені, олар отанымыз деп бүкіл Кеңес Одағын (Ресей деп білініз) санады. Бірақ кең-байтақ еліміздің бәлшектеніп тарап кетуіне байланысты бірқатар үйреншікті жәйттер өзгере бастады. Сөйтіп, көптеген адамдардың бойында өздері бейне бір шетелде қалғандай сезім пайда болғаны да табиғи нәрсе. Біздің жерімізде уақытша тұра тұру жөнінде нұсқау күту, өз еліне ертерек кетуге үмтүлұ сезімі пайда болды. Біздегі ірге шайқалтқан құбылыстар кезінде мейлінше түсінікті мұндай оқиға жаппай қопара көтеріле көшкен оқиғаға айналды ма? Осыған байланысты, кейбір деректерді келтірейін. Олар тіпті де құлия нәрсе емес. Өткен жылды Қазақстанның 200 мыңдан астам орыс көшіп кетті. Әрине, мұның өзі тым көп және Қазақстан үшін орны толmas олқылық болды. Бірақ мәселенің екінші жағы туралы да айту керек: көші-қон тасқындары екі жаққа бірдей болды және ол ешқашан тоқтаған емес. "Ел аман, жүрт тыныш" 80-ші жылдардың өзінде Қазақстанның жыл сайын 80 мыңдан 100 мыңға дейін адам көшіп кететін. Және одан сәл ғана көп адам көшіп келіп жататын. Былтыр республикаға тұрақты тұру үшін 160 мың дерлік орыс

көшіп келді. Тек қана орыстар. Олардың тек 60 мынға жуығы ғана, жұмсартып айтқанда тұрақтылық сақталуы жағынан ерекшелене қоймайтын аймақтардан көшіп келгендер. Мына жағдайды да ескеру керек. Біз өз қарулы қүштерімізді құрғаннан кейін Қазақстаннан көтеген әскери қызметшілер көшіп кетті. Қазақстанның армиясы шағын. Сондықтан да офицерлердің өз әскери бөлімдерімен республикамыздан кетіп қалуы табиғи нәрсе.

Бірақ Қазақстаннан әлдебір орасан зор мәлшерде қашқындар тасқыны кетіп жатыр деудің қисыны жоқ. Олай деу үшін, әрине, адам өз алдына арнайы мақсат қоюы тиіс. Бізде босқын атаулы жоқ. Әркімнің тұрақты тұратын орнын таңдау бостандығы бар. Бұл екеуі екі түрлі нәрсе. Ал өзімізге келіп жатқандарды біз құшақ жая қабылдаудамыз. Өзіме берілген қосымша өкілдіктерді пайдаланып, таяуда ғана менің азаматтық жөніндегі занға түзетулер енгізуімнің тап осы мәселеге қатысы бар – қазақстандықтардың, тек олардың ғана емес, басқалардың да отбасы мүшелерін республикаға келген жағдайда азаматтық алу рәсімін жеңілдетуге байланысты.

Әрине, мен бұл жерде ешқандай проблема жоқ демеймін. Мұның өзі әсіресе шенеуніктердің өктемдігі мен бассыздығына байланысты. Бұл ретте олар ауыр алым-салықтар мен пара алу кезінде өздерінің үлттық сезімдерін ұмытып кетеді, (қазақ – қазақтан, орыс – орыстан ала береді). Мұндай жағдай Ресей азаматтарына да таныс болар, бәлкім.

Менің жаныма қатты бататыны немістердің кетіп жатқаны. Олар біздің республикамыздан орыстарға қарағанда көбірек кетіп қалды. Мен өздерінің тарихи отанына қайта оралуға ұмтылатын адамдардың сезімін түсінемін. Оның үстіне, немістердің көпшілігі Қазақстанға тіпті де өз еріктерімен келген емес. Германияның басшыларымен келіссөздер жүргізген кезде мен неміс бизнесінің Қазақстанда көбірек болып өріс алуы жөніндегі мәселені әрқашан қойып келемін. Бізде жер жетіп артылады. Тек жұмыс істей біл, өсіп-өне біл, өз өмірінді, өз отбасының өмірін жақсарта біл. Міне, мұндай жағдайда қос азаматтықтың қажеттігі бар ма? Сіз мұның өзі Қазақстанға қандай қауіп тәндіреді деп сұрайсыз. Қос азаматтық қазақтарға қауіп тәндірмейді! Бірақ көпүлтты Қазақстан қоғамын екі жарып, бөлшектеуге болмайды. "Өзіміз" деп, "өзгелер" деп бөлуге жол беруге болмайды!

Мен жағдайдан шығудың қаралайым, әрі нақты жолын ұсындым, қазір де ұсынып келемін: Ресейге өткен адам оның азаматтығын емін-еркін алатын болсын, ал Қазақстанға тұруға келді екен – Қазақстанның азаматтығын алсын. Ал бәрінен де жақсысы ТМД шенберінде адамдардың, азаматтығына қарамастан, қай жерде тұрғысы келсе, сол жерде тұруына мүмкіндік беретін ортақ құжат енгізу бәрінен де жақсы болар еді. Ондай жағдайда "қос азаматтық" жөніндегі мәселе өзінен-өзі жайына қалатыны сөзсіз.

Е. Доцук:

– *Бүгінгі таңда ТМД елдеріндегі жағдай қалай қалыптасып келеді? Сіз бұрынғыша бұл құрылымды болашағы бар деп санайсыз ба?*

Н. Назарбаев:

– Мен оны болашағы жоқ құрылым деп ешқашан санаған емеспін. Олай деп санасам, мемлекеттеріміздің интеграциясы, ең алдымен экономикалық интеграциясы жөнінде соншалықты көп инициатива білдірмеген болар едім. Ашқабадтағы соңғы кездесуіміз біз бір-бірімізден әр жаққа қаншалықты алшак кеткен сайын, бір-бірімізben бірігүіміздің қажеттігі солғұрлым тезірек сезіле бастайтындығын көрсетті. Маған осыған дейін қол қойылған, ТМД шенберіндегі жұмыс пен өзара ынтымақтастықты ретке келтіріп отыратын құжаттар осы ғасырдың аяғына дейін жеткілікті сияқты болып көрінеді. Бұғынгі таңда бұл жұмысты нақты мазмұнмен толықтыра түсетін кез жетті. Бұл ретте соңғы екі жылда көп жағдайда жасанды түрде пайда болған қарама-қайшылықтардың шиеленіскең торабын, мейлі баяу болса да, күш-жігер жұмсай отырып, шешүге ұмтылуымыз тиіс.

Білмеймін, бәлкім, ортақ экономикалық қеңістік жөніндегі әңгімелер кейбіреулерге ұнамайтын да болар. Бірақ, мен барлық көршілерімізге кедендік кедергі атаулының бәрін де жою, шекараларды ашу жөнінде көптен бері ұсыныс енгізіп келемін. Кәнеки, мұндай шартқа қол қоюға асығайық.

Е. Доцук:

– *Бұрын екі үкіметтің шенеуніктері өлдебір мәселелер бойынша өзара келісе алмай қалған жағдайлар кезінде Сіз Ельцин екеуінің іске араласып, проблема шешіліп жататын еді. Соңғы кезде Ельцин Қазақстанға қолдау көрсетуге бейнебір құлқы жоқ адам сияқты көрінеді. Бұған қарал, сіздердің жеке қарым-қатынастарыңыз салқындаған-ау, деп ойлауға бола ма?*

Н. Назарбаев:

– Неге екенін шамалай алсам да, сіздің мұндай қорытындыға келгеніңізге таң қаламын. Бір күні Борис Николаевич біздің үкіметтеріміздің, министрліктеріміз бен ведомстволарымыздың екіжақты экономикалық проблемаларды шешуде шалағайлық танытатынына, сөйтіп бізді ынғайсыз жағдайға қалдыратынына байланысты қапа болғаны бар. Оның мұнысы дұрыс еді. Өйткені, кездесулер, келіссөздер, келісімдер соншалықты көп болды ғой. Өткен жылды тек сом аймағы жөнінде ғана алты рет кездесу өтті! Сонда да ешқандай нәтиже шықкан жоқ. Ал мемлекет басшылары бұл мәселеде бейне бір кінәлі сияқты болып шықты. Шенеуніктер жалпы алғанда біздің жоғары дәрежедегі кездесулеріміз кезінде көптеген мәселелер бойынша ортақ пікірге келгенімізден кейін де ешқандай мәселе шешпегені рас. Оның үстіне, экономика да барған сайын нарықтың ережелері бойынша өмір сүре бастады, ол жоғарыдан нұсқау беруді қажет етпейді.

Біз бір-бірімізben ұдайы қарым-қатынас жасап, мейлінше көп проблемалар бойынша кеңесіп тұрамыз. Бірақ, соңғы кезде, неге екені белгісіз, баспасөз Президенттер арасында мынадай тақырыпта телефон арқылы әңгіме болды деген хабарлар беруді қойды.

Е. Доцук:

– Сом аймағының жойылуына байланысты Ресей-Қазақстан қарым-қатынастары қалай дегенде де шиеленісе түсті деуге бола ма?

Н. Назарбаев:

– Мен ондай қорытынды жасамаған болар едім. Біздің Ресеймен отын-энергетика кешені саласындағы өзара төлемдер жөніндегі келісім жасағынымыз жөніндегі хабар бұған дейін жарияланды. Біздің ешкайсымыз ешкімге ешнәрсе қарыз емеспіз. Келісім шарттағы міндеттемелерді қатаң сақтауға біз Ресеймен бірдей жағдайда мүдделіміз. Басқа да өзара шешімдер бар әскери ынтымақтастық, бірлескен ғарыштық жобалар жөніндегі келісімдер өзірленуде. Виктор Степанович Черномырдиннің Қазақстанға сапары жемісті болды. Ал, сом аймағы жөніндегі әңгіме ескіріп қалды, ол кешегі күннің мәселесі.

Е. Доцук:

– Ресей мен Қазақстанның әскери ынтымақтастық саласындағы қарым-қатынастары жөнінде бірер сөз. Жағдай белгілі: Егер Қазақстан мен Ресей әскери-саяси ынтымақтастық жөніндегі шартқа және бұрынғы стратегиялық обьектілерді бірлесіп пайдалану жөніндегі құжаттарға қол қоймайтын болса, онда екі жақта ұтылады, Ресей ғылыми және әскери сыйнақтар жасау үшін қажетті базаларынан айырылады, ал ол полигондар Қазақстанның жеке өзі игерे алмайтын болғандықтан да өзі көтере алмас зіл батпан жүкке айналады. Бірегей әкери-техникалық кешендерді сақтап қалу үшін Қазақстан өлдебір елеулі ымыраға келуге өзір ме?

Н. Назарбаев:

– Үмыраға келу дегеніміз – тек бір жақтың ғана емес, екі жақтың да өзара келісімге келуі болып табылады. Қазақстан Ресейге қатысты проблемалардың барлығын да өзара тиімді шарттар негізінде шешуге өзінің әрқашан өзір екендігін ұдайы мәлімдеп келді.

Бұған дейін жасалған әскери кешендердің орасан зор ғылыми-техникалық мүмкіндіктері бар екендігі өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан да біз оны сақтап қаламыз, бұл ретте Ресеймен терезесі тен жағдайда болса да немесе жеке өзіміз болсақ та осылай етеміз. Бірақ мұндай жағдайда Қазақстандағы полигондар мен Байқоңыр ғарыш айлағының орасан зор аумақты алып жатқанын да ескеру керек. Бұл аумақ Чехия, Словакия, Венгрия және бұрынғы ГДР сияқты елдерді қоса алғандағы аумаққа бара-бар 13 миллионнан астам гектар жерді алып жатыр. Ал бұл жерлер шаруашылық айналымнан жасанды түрде шығарылып отыр. Оның үстінен әскерилер өздерінің сынтәжірибелерін мезгіл-мезгіл жасап отыру үшін тағы да жарым миллион гектар ауылшаруашылық жерлерін пайдаланып келді. Ал адамдарды мұндай, көп жағдайда ажал қаупін себетін обьектілерге қатысты көзқарасы қандай

екені түсінікті нәрсе. Өзіңіз білетіндей, "Протон", жеткізушісінің отыны құрамында гептил сияқты компонент болады. Мұның өзі ең жоғарғы дәрежедегі қатер төндіретін белгілі. Міне, сондай ракетаның ұшып шыққаннан кейін жерге бөлініп түсетін бөлшектерінде әлгі гептил болады. Ал мұның өзі жергілікті тұрғындардың аспаннан тоқаш жауғандай қуанып қарсы алмайтыны белгілі. Осы бір умен жеріміздің қаншалықты аумағы уланғанын біз әлі мұқият есептеп шығуымыз керек.

Е. Доцук:

– ТМД елдеріне келіп кеткен Клинтонның Қазақстан Президентінен өзге барлық "ядролық" президенттерімен кездескеніне Сіз біртүрлі қысылмайсыз ба?

Н. Назарбаев:

– Клинтон екеуміздің келіссөзіміз әлі алда. Таяуда Құрама Штаттар Президентінің шақыруымен АҚШ-қа ресми сапармен баратын боламын. Әлгі фактіге бола менің қысылмайтын қарапайым бір себебім, ТМД-дегі ядролық қару-жарақ мәселелерін біз Альберт Гордың Қазақстанға келген сапары кезінде жүйелі түрде талқылаған болатынбыз. Клинтонның Мәскеудегі келіссөздерінің не туралы екені сөз болды. Оның үстіне, өткен жылдың желтоқсан айының өзінде-ақ біздің парламентіміз Ядролық қаруды тарату жөніндегі шартқа қосылу туралы шешімді, сырттан қысым жасатпай-ақ, бекіткен болатын. Ал АҚШ Президенті Ресеймен, Украинамен және Беларусьпен тап осы проблемаларды талқылады. Оған Қазақстанның қатысуының тіпті де қажеті болған жоқ.

Сөз соңында менің ресейліктерге, "Комсомольская правда" газетінің оқырмандары мен журналистеріне бақытты өмір, аман-есендік пен денсаулық тілегім келеді. Сіздердің адамдардың дүние жүзінде, сонымен қатар біздің елімізде де – Қазақстан Республикасында да қалай тұрып жатқандығы жөнінде әрқашан объективті, өлшемді және ізгі ниетті тұрғыда әңгімелегендерінізді қалар едім.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ РЕСПУБЛИКАНЫҢ ТҰТЫНУШЫЛАР
ҚОҒАМЫ ОДАҒЫНЫҢ XVI СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ***

Алматы, 11 ақпан 1994 жыл

**ТҰТЫНУШЫЛАР КООПЕРАЦИЯСЫ ДЕРБЕС НАРЫҚТЫҚ ЖҮЙЕ
РЕТИНДЕ ӨРКЕНДЕУГЕ ТИІС**

Мемлекет қазір өз дамуының күрделі және өте жауапты кезеңінде, реформаларды ілгерілетуге қуатты әрі сапалық жаңа серпін беруге тиісті жаңа ірі саяси және экономикалық өзгерістердің табалдырығында тұр.

Атап айтқанда, сайлау алдындағы науқан толық қарқынмен жүріп жатыр. Қазақстан мемлекеттігінің қалыптасуының одан арғы барысы, конституциялық құрылышты және әлеуметтік нарықтық экономиканың негіздерін зан тұрғысынан нығайту көп жағдайда наурыздың 7-сінде сайланатын парламенттің құрамына байланысты болады.

Парламентте мемлекеттің жоғары мүдделерінен және оның көп үлтты халқына барынша адал, ортақ отанымыздың болашағы үшін барлық адамдардың келісімі болмайынша, бірлесе отырып жұмыс істемейінше, біздің азаматтарымызға қажетті де пайдалы нәрсені істеу мүмкін емес екенін түсінетін адамдар қажет. Сондықтан көпірме уәделер арқылы, жаңжалды және түрлі үлттар адамдарының арасындағы алауыздықты өршітетін сөздер арқылы сенімге ие болатындарды емес, қайта халықтың білікті және парламент қызметтің билетін адамдарды сайлағаны қажет.

Барлық қазақстандықтарға белсенді болуға және өз сайлаушыларының мүдделерін шынайы қолдайтын, реформа ісіне адал, жас мемлекеттің, яғни Қазақстанның барлық азаматтарының, оның белгілі бір бөлігінің ғана емес, мемлекеттің қалыптасуына өз үлесін қосқысы келетіндерге жанашырлық пен дауыс беруге шақырамын.

Шынайы интернационализм, барлық азаматтардың құқығына және біздің еліміздің халықтары арасындағы достық сезіміне шын жүректен құрмет көрсету кез келген саясаткерге қойылатын өлшем болуға тиіс. Орталық сайлау комиссиясы, жергілікті жерлердегі сайлау комиссиялары, сондай-ақ, құқық қорғау органдары сайлау туралы кодекстің дәл орындалуын қатаң қадағалап, заңды кез келген жаққа бұратындей ешқандай "ойындарға" жол бермеуге тиіс.

* "Егемен Қазақстан" газеті, 15 ақпан 1994 жыл.

Қылмыстық кодекске енгізілген соңғы түзетулерде ұлтаралық алауыздықты өршіткені, елдің территориясы мен шекарасының тұтастығына қарсы, сондай-ақ мемлекеттік құрылышқа қарсы шақырған үндеулері үшін қылмыстық жауаптылық кәзделген. Бұл түзетулер, барлық азаматтардың тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін қабылданды. Құқық қорғау және сот органдары заңының сақталуын қатаң қадағалап, оны бұзған адамдардың бәрін жауапқа тартуға тиіс. Өзінің қызметін ұлтаралық татуулықты нығайтуға бағыттай отырып, бұқаралық ақпарат құралдары мен олардың басшылары барынша әдептілік танытуға тиіс.

Қазір экономикалық өзгерістерді жүзеге асыру үшін неғұрлым жедел және мақсатты барлық қажетті алғышарттар қалыптасты. Бұл ірі сыртқы қаржы көмегіне ғана байланысты емес, әйтсе де бұл фактор көп ретте шешуші болып табылады және оны барынша қайтарыммен және пайдамен қолдану қажет. Бірқатар бағыттар бойынша қазірдің өзінде көптеген проблемаларды нақты шешуге мүмкіндік беретін жағдайдаң қалыптасқаны да маңызды. Әңгіме өнеркәсіптің жекелеген салаларындағы құрылымдық өзгерістер туралы, тұтыну нарықын толықтыру, экспортты реттеу және көтермелеу туралы және басқа да салалардағы өзгерістер туралы болып отыр. Осы бағыттар бойынша қажетті жұмыс өрістетілуде.

Шетелдік кредиттер мен қарыздарды пайдаланумен байланысты Президенттің бірқатар жарлықтары мен үкіметтің қаулылары қабылданды, бағдарламалар мен іс-қимыл жоспарлары талдап жасалды, оларды іске асыру тұтқаларын айқындастын нормативтік-әкімдік жаңа құжаттар өзірленіп жатыр. Сонымен әңгіме қазіргі басты міндет барлық осы маңызды, ауқымды және күрделі жұмысқа жүйенің барлық буындарының, мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың, қоғамдық үйымдардың, экономикалық және қоғамдық өмірдің әрбір субъектісінің белсенді қатысуы туралы болып отыр. Өзгерістер процесінде, көп укладты нарықты экономиканы қалыптастыруда тұтынушылар кооперациясының жүйесі де өз орнын табуға тиіс.

Біз экономикалық терең дағдарыс жағдайында өмір сүріп отырмыз. Мұның өзі сенімсіздікті, жақсы өмірді іздестіру жолындағы ТМД-ның барлық елдерінде көшіп-қону пигылын туғызуда. "Беловежье келісімінен" кейін кеңестік мемлекеттілік қана емес, сонымен бірге әрбір жаңа мемлекет үшін өміршең маңызы бар экономикалық байланыстар да, ал содан кейін сомдық аймақ та күйреді. Қазіргі тарихи дамудың бүкіл барысында біз өзіміз төтеп беріп, өркендеу қажеттілігі алдында тұрмыз.

Сөйтіл, осының бәрін істеу қажет. Және де мен осылай істей алатындығымызға сенімдімін. Бірақ бұл үшін өз проблемаларымызды, таза ішкі қыындықтар мен қайшылықтарды талдап, түсіне білуіміз керек. Бұлар біздің санамыздан тыс болатын әлдебір "өзіндік" заттар болмауға тиіс.

Ең алдымен бұрынғы жүйе бәріне кінәлі дейтін жаңадан пайда болған қасаң қағидалардан арылған жөн. Біз, үшінші жыл егемен мемлекет ретінде өмір сүріп, дамып келеміз. Сондықтан оның тез арада қалыптасуы үшін өз

әлеуетімізді тиімді пайдалануымыз, ішкі қындықтар мен өзгерістер жолындағы кедергілерді батыл женуіміз керек.

Тығырықтан шығар жолды өздерінің іздеуі керек екенін және жоғарыдан көмек күтудің қажеті жоқ екенін және оның қазір болмайтынын түсінген кесіп-рындардың басшылары, ұжымдардың өздері де қалыпты жұмыс істеуде, ал адамдар оның нәтижелеріне және өздеріне беріп отырған қайтарымға риза.

Сонымен бірге, реформаларды жүргізуде бұрынғы төрешілік құрылымдардың қарсылығы үлкен тежеу болып отыр. Ол тікелей емес, көбіне жана ма сипатта көрініп отыр. Бірақ бұдан келер зиян көп болмаса, аз емес. Сондықтан нарықтық ұрандармен бүркемеленген консерватизм мен қасандық өзінің жасырын сипатымен және жалған реформаны жалған жақтаушылығымен қауіпті. Сайып келгенде, мұның өзі ең алдымен мемлекеттің өзін және оның саясатының беделін түсіріп, талдап жасалған бағыттың табысты болатынына деген сенімді өлсіретеді. Меншікті тез арада алмастыру, кесіпкерлік пен жеке бастамашылдықты қолдау, экономиканы ырықтандыру, қоғамды демократияландыру біздің "сырқатымыздың" – дағдарыстың мерзімін қысқартады. Сондықтан реформаларды белсенді және серпінді ілгерілетуді қамтамасыз ететін бірінші кезектегі шаралардың арасында өзгерістерге неғұрлым икемді және қабылдауға қабылетті, реформа идеяларын жүзеге асыруға қызмет ететін және қабылданған бағдарламаларды іске асыруға нақты жауапты болатын өкімет пен басқару органдарының бүкіл жүйесін реттеу көзделіп отыр. Бұл міндет қазірдің өзінде басқару құрылымдарын кадрлармен толықтыру және бұл құрылымдардың жаңаларын құруды қоса алғанда кезең-кезеңмен өзінің шешімін табуда.

Қазақстан Тұтынушылар кооперациясына биыл 70 жыл толады. Ол күйрекен социалистік жүйеден сақталып қалған аз ғана институттардың бірі. Тұтынушылар кооперациясы өз дамуының жылдары ішінде қуатты да сансалалы корпоративтік құрылымға айналды. Ол Қазақстан экономикасында елеулі орынға, ал кейір салаларда, әсіресе селода монополист болып келді. Қазақстан тұтынушылар одағының үлесіне тұрақты түрде республика тауар айналымының бүкіл көлемінің 35-37 проценті, нан-тоқаш өнімдерін өндірудің жартысы, дайындалатын ауыл шаруашылығы шикізаты мен өнімдерінің елеулі үлесі тиіп келді. Іс жүзінде ауылдағы халықтың, ал мұның өзі Қазақстан тұрғындарының жартысына таяу, тауарлардың және қызметтердің негізгі түрлері бойынша өздерінің қажеттерін Қазақстан тұтынушылар одағының жүйесі арқылы қанағаттандырып келді.

Тұтынушылар кооперациясының басқару мен қызметінің демократиялық формасы бар мемлекеттік емес меншік мәртебесі болғаны – оның ең принципті өзгешелігі. Мұның өзі қазіргі жағдайда біз шын мәнінде көп укладты нарықтық экономиканы қалыптастыра бастаған кезде тұтынушылар кооперациясы жаңа экономикалық жағдайда жұмыс істеуге неғұрлым өзір құрылым ретінде өзін көрсете алатынына сенім ұялтты. Өкінішке орай,

тұтынушылар одағының республикалық және облыстық басшылығы, оның басқармасымен төмендегі буындары жаңа жағдайда дер кезінде және дұрыс бағдар үстай алмайтынын көрсетіп, өзгерістер процесінде өзінің рөлі мен орнын айқындай алмай, экономикадағы өз орнын таба алмай, тұтынушылар кооперациясы біздің бұрынғы бүкіл жүйемізге тән кемшіліктеге толы болып шықты. Өйткені бейнелеп айтатын болсақ, ол өзінің бүкіл өмірін мемлекеттік монастырьде өз жарғысымен өткізіп келді. Мұның өзі тұтынушылар кооперациясы тап болған жағдайды түсіндіргенімен, ешқашан да ақтай алмайды. Өйткені, ол дәрбес қоғамдық-экономикалық құрылым болып келді. Бірақ ол нақ осы сапасында өзін көрсете алмады. Республиканың тұтынушылар кооперациясы – қазір қызметінің сан-саналы сипаты, жеткілікті дәрежеде дамыған материалдық-өндірістік базасы, инфрақұрылымының кең желісі және сайып келгенде, кәсіпкерліктің жинақталған тәжірибесі бар, 2,6 миллион жарнаши мүшелерді және 200 мың қызметкерді біріктіріп отырған жүйе, деді Президент.

Бүкіл осы қуатты құш нарықтық өзгерістерге барынша тиімді және мақсатты түрде қатысуға тиіс. Ең алдымен мынадай ескі психологиядан түпкілікті түрде бас тарту керек. Бұрын мемлекеттік жоспарларда, республиканың бюджетінде Қазақстан Тұтынушылар одағы үшін орталықтандырылған құрделі қаржыларды, материалдық-техникалық және қаржы ресурстарын бөлу бөлігінде жеке жол әрқашан болатын әрі сауда-дайындау қызметін тауармен қамтамасыз ету ескерілетін. Бұл уақыт келмеске кетті. Мұндай жағдай, соның ішінде бюджет қаржысы есебінен жеңілдікті кредит беру енді болмайды. Тұтыну кооперациясы өздеріне республика заңдарымен және өз жарғысымен жүктелген проблемаларды шешуді өз мойнына алуға тиіс. Ең алдымен село экономикасын тұрақтандыру және реформа мұнда өзгерістер процесі ерекше құрделі және бірмәнді емес күйде өтіп жатыр. Нарықтық қатынастар дегенмен қындықтар мен кедергілердің қалың тосқауылынан өзіне жол салып, көп укладтылық пен кәсіпкерлік біртіндең қалыптасып келеді. Қазіргі 2,5 мың совхоз берн колхоздың 600-і акционерлік қоғамдар мен тауар өндірушілердің басқадай бірлестіктеріне өзгерілген. Селода 17 мың фермер шаруашылығы құрылды, ал қалалықтардың 1,3 миллион саяжай участкелері бар. Жеке секторда ауыл шаруашылығының барлық жаппай өндірісінің – 37 проценті, соның ішінде сүттің – 57 проценті, еттің – 46, жұмыртқаның – 39 және жүннің – 37 проценті өндіріледі.

Ауылдағы өндірісшілердің құқықтары барған сайын кеңейіп келеді, оларға өздері өсірген өнімнің негізгі бөлігін сатуда еркіндік берілген. Бірақ мұның өзі алғашқы көрінгендегідей оңай іс болмай шықты. Дайындықсыз ортада, дамыған нарықтық инфрақұрылымының жоқтығынан олардың көпшілігі өз өнімдерін тиімді және басы артық сергелденсіз өткізе алмай отыр. Сондықтан олардың төнірегінде балға үймелеген масадай түрлі деддал құрылымдар, көбіне күдік туғызатын құрылымдар қаптап жүр.

Ал Қазақстан тұтынушылар одағы өзіне тікелей қатысты және тиімді істен мүлдем түсініксіз себептерге байланысты сырт қалып отыр. Осыдан бес жыл бұрын тұтынушылар кооперациясы халықтан 100-110 мың тонна ет немесе жеке секторда өндірілетін бүкіл еттің төрттен бір бөлігін сатып алатын.

Ал қазір мұндай сатып алу 35 мың тоннаға немесе жеке сектордағы өскелен қөлемдердің 5 процентіне дейін төмендел кетті. Сүт небәрі жарты процентке, жұмыртқа бір жарым процентке сатып алынады. Картоп дайындау 3-5 есе кеміп кетті. Қекөніске байланысты жағдай да осындай. Сондықтан да жергілікті жерлерде тұтынушылар кооперациясы жүйесін таратып, оның қорларын колхоздар мен совхоздарға беру туралы үнемі ұсыныс қозғалып жүр. Әйткені шаруашылықтар кооперацияның міндеттерін өздері атқарып жүр.

Жалпы алғанда тұтынушылар кооперациясы жеке секторда өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімінің бірден үш процентке дейінін ғана игереді. Бұл мүлдем орынсыз құбылыс. Және мұндай жағдайды одақтың қуіреуімен және басқа да сыртқы факторлармен түсіндіре алмайсың. Ендеше қызметтің осынау аса маңызды саласы неге тоқырап отыр. Оның үстінен тұтынушылар кооперациясы мемлекеттік қажеттер үшін ауыл шаруашылық өнімдерін дайындаудан және тапсырудан босатылған.

Енді осының бәрі тек қана сіздердің өз мәселелеріңіз. Сондықтан осы форумда құлдыраудың ішкі себептерін талдап, оңтайлы шешімдер табу қажет. Жұмыстың жаңа, әдеттен тыс тәсілдері мен түрлерін мақсатты әрі табанды түрде іздестірген жән. Әйткені тұтынушылар кооперациясынан басқа ешкім де осы міндеттерді жақсы іске асыра алмайды. Сіздер тауар өндірушілерге бәрінен де жақын тұrsыздар, өздерініздің базаларыңызға, қоймаларыңызға және ұқсату кәсіпорындарыңызға иесіздер, ал олар жергілікті өндіріске барынша өте жақын.

Мен өз сөзімде тұтынушылар кооперациясының қызметіндегі ең маңызды салаларын қозғап өттім, ал оларды барынша көтеру және дамыту қажет. Жалпы алғанда ол таяудағы уақыттың ішінде ауылдағы тауар өндірушілерге барлық бағыттар бойынша қызмет көрсету жөніндегі тиімді, икемді және жедел іс-қимыл жасайтын жүйеге айналуға тиіс, өндірістік-экономикалық проблемаларды шешуде олардың арасында делдал болып, дамыған нарықтық село экономикасын кешенді қалыптастыруға жәрдемдесуі қажет. Бұлай болмаған жағдайда тұтынушылар кооперациясын басқа делдалдар шетке ысырып, ол толық банкрот болып, өзінің тіршілігін атақ-абыройсыз тоқтататын болады.

Бұлай болмау үшін ол өз өндірісін, әсіресе азық-түлік өнімдері мен тауарларды жергілікті шикізат көздері арқылы өндіруді барынша дамыту қажет.

Бұрын тұтыну кооперациясының кәсіпорындарында шұжық бүйімдарының әрбір төртінші килограммы өндірілсе, қазір тек әрбір алтыншы килограммы өндіріліп отыр. Барлық азық-түлік өнімдерінің ішінде нан пісіру ғана

кемімей отыр. Оның өзінде нан тамақтану құрылымында өкінішке орай негізгі өнімдердің біріне айналып, нан пісіру саласы бұрынғысынша орталықтандырылып, шикізатпен қамтамасыз етілуіне байланысты болып отыр.

Президент ауыл тұрғындарының материалдық жағдайының тәмендеуіне байланысты зор аландаушылық білдірді. Тіпті жалпыға бірдей қамтамасыз етудің тәмендеуіне қарағанның өзінде қала мен ауыл тұрғындарына сауда және тұрмыстық қызмет көрсету арасындағы алшақтық күрт арта түсті. Осыдан екі-үш жыл бұрын әрбір ауыл тұрғынына есептегендеге тұтыну тауарларын сатудың көлемі қала тұрғынына қарағанда екі есе тәмен болатын. Сол кездің өзінде-ақ осы алшақтықты толық жоймағанмен де, тым болмаса барынша қысқарту міндегі қойылған болатын. Бұл мақсат үкіметтік құрылымдардың, соның ішінде ең алдымен Қазақстан тұтынушылар одагының назарынан тыс қалды. Әткен жылды ауыл тұрғыны сауда жүйесі арқылы қала тұрғынына қарағанда үш есе кем тауарлар сатып алды.

Мұның себебі, өндірістің жаппай құлдырауы мен тауарларды сырттан әкелудің қысқаруындаға емес. Дегенмен бұл факторлар да өзінің күшті келенсіз ықпалын жасап отырғаны жасырын емес. Сонымен бірге жеткілікті кең ішкі мүмкіндіктер де өте нашар пайдаланылып отыр. Мысалы өткен жылы республикада халық тұтынатын тауарлар бес миллиард тенgedен астамға шығарылды. Оның ішінде төрт миллиардтан астамы саудаға берілді. Ал селода оның небәрі 15 проценті ғана сатылған. Неге бұлай болып отыр? Жекелеген кооператорлар өндірісшілердің тауарды коммерсанттар мен қайта сатып алушыларға беретініне сілтеме жасайды. Бірақ кооперация неге енжарлық танытып отыр? Өйткені барлық баға шектеулері алынып тасталды, шығындар парасатты шекте бағаға еніп отыр, қалыпты рентабельділік алу заңдастырылды. Тұтыну кооперациясы үшін бірқатар женілдіктер жасалды. Бір сәзбен айтқанда, селодағы сөрелерді тауарлармен толықтыру үшін барлық жағдайлар жасалды. Тек қана жұмыс істеу, дербес жаңарған және қуатты нарықтық жүйе ретінде тұтыну кооперациясын өркендетуге қол жеткізу ғана қалып отыр.

Және де ауыл тұрғындарына қызмет көрсетуді жақсарту – ең бірінші кезектегі міндет. Оны орындау үшін тұтынушылар кооперациясының барлық буындарының әлеуеті мен күш-жігерін бағыттау қажет.

Мемлекет басшысы өзінің сәзін аяқтай келіп, съездің делегаттарына өткен жылдың соңғы күндерінде Қазақстан тұтынушылар одагы басқармасының өтініші бойынша "Селолық жерлердегі тауар өндірушілер мен халыққа қызмет көрсетуді жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Жарлыққа қол қойғанын, осыған байланысты өзірленген бағдарламаны мақұлдағанын айтты. Үкімет тұтынушылар кооперациясын мемлекеттік қолдау жөнінде өзінің үлкен қауулысын қабылдады. Бұл құжаттар – съезд талдап жасайтын нақты іс-қимылдар бағдарламасы сияқты кооператорлар үшін жақсы көмек, одан арғы жұмыста бағдар болуға тиіс.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
НА XVI СЪЕЗДЕ СОЮЗА
ПОТРЕБИТЕЛЬСКИХ ОБЩЕСТВ РЕСПУБЛИКИ***

Алматы, 11 февраля 1994 года

**ПОТРЕБКООПЕРАЦИЯ ДОЛЖНА ВОЗРОДИТЬСЯ
КАК САМОСТОЯТЕЛЬНАЯ И МОЩНАЯ РЫНОЧНАЯ СИСТЕМА**

Государство находится сейчас на сложном и очень ответственном этапе своего развития, на пороге новых крупных политических и экономических преобразований, которые должны придать мощный и качественно новый импульс продвижению реформ.

В частности, полным ходом идет предвыборная кампания. От состава избранного 7 марта Парламента во многом будет зависеть дальнейший ход становления государственности Казахстана, укрепление конституционного строя и законодательных основ социальной рыночной экономики.

В Парламенте нужны люди, искренне приверженные высшим интересам государства и его многонационального народа, понимающие, что без согласия, без единения всех людей во имя работы для будущего общей Родины нельзя сделать для наших граждан ничего нужного и полезного. Поэтому необходимо, чтобы народ избрал компетентных и знающих парламентскую деятельность людей, а не тех, кто хочет нажить доверие на пустых популистских обещаниях, скандальных выступлениях, разжигающих вражду между людьми разных национальностей.

Я призываю всех казахстанцев быть активными и разборчиво голосовать за тех, кто по-настоящему представляет интересы своих избирателей, привержен делу реформ, хочет внести свой вклад в становление молодого государства – государства всех граждан Казахстана, а не какой-либо отдельной его части. Критериями оценки любого политика должны быть подлинный интернационализм, искреннее уважение к правам всех сограждан и к чувству дружбы между народами нашей страны. Центризбирком, избирательные комиссии на местах, да и правоохранительные органы должны строго следить за точным исполнением Кодекса о выборах, не допускать никаких "игр" по печально известному принципу, когда "закон что дышло..."

* Газета "Казахстанская правда", 15 февраля 1994 года.

Последними поправками в Уголовный кодекс предусмотрена уголовная ответственность за разжигание межнациональной розни, призывы против целостности территории и границ страны, а также против государственного строя. Эти изменения приняты ради спокойствия и безопасности всех граждан. Правоохранительные и судебные органы должны строго следить за соблюдением закона и привлекать к ответственности всех, кто нарушит его. Предельную деликатность следует проявлять средствам массовой информации и их руководителям, направляя свою деятельность на укрепление межнационального согласия, а не наоборот.

Сейчас сложились все необходимые предпосылки для более интенсивного и целенаправленного осуществления экономических преобразований.

Это связано не только с крупными внешними финансовыми подкреплениями, хотя данный фактор во многом является решающим и его надо использовать с максимальной пользой и отдачей. Не менее важно то, что по целому ряду направлений уже накоплена "критическая масса", позволяющая выйти на практическое решение многих проблем. Речь идет о структурных изменениях в отдельных отраслях промышленности, о наполнении потребительского рынка, упорядочении и стимулировании экспорта в некоторых других сферах. По всем этим направлениям развернута необходимая работа. Принят ряд президентских указов и постановлений Правительства, выработаны программы и планы действий, связанные с использованием иностранных кредитов и займов, готовятся новые нормативно-распорядительные документы, определяются механизмы их реализации. И главной задачей теперь становится активное участие во всей этой важной, масштабной и сложной работе всех звеньев нашей системы, государственных и негосударственных структур, общественных организаций, каждого субъекта экономической и общественной жизни. Свое место в преобразовательных процессах, формировании многоукладной рыночной экономики должна найти и система потребкооперации.

Мы живем в условиях глубокого экономического кризиса, который порождает неуверенность, вызывает во всех странах СНГ миграционные настроения в поисках лучшей жизни. После беловежского соглашения разрушилась не только советская государственность, но и жизненно важные для каждого нового государства экономические связи, а затем и рублевая зона. Всем ходом нынешнего исторического развития мы поставлены перед необходимостью самим выстоять и подняться. Мы это должны сделать. И, уверен, сделаем. Но для этого надо глубоко разобраться в собственных проблемах, сугубо внутренних трудностях и противоречиях. Они не должны оставаться некоей "вещью в себе", недоступной нашему познанию.

Прежде всего надо избавиться от быстро приобретенных новых догм, что во всем виновата прежняя система. Мы уже третий год живем и развиваемся как суверенное государство. Поэтому для его скорейшего станов-

ления надо эффективнее использовать собственный потенциал, решительно преодолевать внутренние трудности и барьеры на пути преобразований. Там, где руководители предприятий, сами коллективы поняли, что надо самим искать выход, а не ждать помощи и благодати сверху, которых теперь не будет, работа идет вполне нормально, люди довольны ее результатами и тем, что она дает им взамен.

В то же время большим тормозом в проведении реформ является сопротивление прежних бюрократических структур, хотя оно носит не прямой, а больше косвенный характер. Но вреда от этого не меньше, если не больше. Потому что консерватизм и косность, завуалированные рыночными лозунгами, опасны именно своей скрытостью и псевдореформаторством, в конечном итоге это дискредитирует, прежде всего само государство и его политику, подрывает веру в успех выработанного курса. Только быстрая смена собственности, поддержка предпринимательства и частной инициативы, либерализации экономики, демократизация общества сократят сроки нашей "болезни" – кризиса. Поэтому в числе первоочередных мер, обеспечивающих активное и динамичное продвижение реформ, предусматривается упорядочить всю систему органов власти и управления, чтобы она была более гибкой и восприимчивой к нововведениям, служила проводником реформаторских идей и несла реальную ответственность за реализацию принятых программ. Эта задача уже находит свое поэтапное решение, включая кадровое наполнение действующих и вновь создаваемых управленических структур.

Потребительской кооперации Казахстана в этом году исполняется 70 лет. Это один из немногих институтов, сохранившийся от развалившейся социалистической системы. За годы своего развития потребительская кооперація превратилась в мощную и разветвленную корпоративную структуру. Она занимала солидное место в экономике Казахстана, а в некоторых сферах, особенно на селе, была монополистом. На долю Казпотребсоюза стабильно приходилось 35–37 процентов всего объема товарооборота республики, половина всего производства хлебобулочных изделий, значительная часть заготавливаемых объемов сельхозсырья и продукции. Практически все сельское население, а это почти половина жителей Казахстана, удовлетворяло свои потребности в основных видах товаров и услуг через систему Казпотребсоюза.

Самое же принципиальное отличие потребкооперации состояло в том, что она носила статус негосударственной собственности с демократическими формами управления и деятельности. И это вселяло надежды на то, что в нынешних условиях, когда мы начали формировать действительно многоукладную рыночную экономику, потребкооперация заявит о себе как о структуре, наиболее подготовленной к работе в новых экономических условиях. К сожалению, республиканское и областное руководство потребсоюза, его правления и нижестоящие звенья не смогли своевременно и пра-

вильно сориентироваться в новой ситуации, определить свою роль и место в преобразовательных процессах и найти свою нишу в экономике. На поверку потребкооперация оказалась полностью пораженной теми же пороками, что и вся наша прежняя система, поскольку, образно говоря, со своим уставом всю жизнь прожила в государственном монастыре. Это объясняет, но ни в коей мере не оправдывает то положение, в котором оказалась потребительская кооперация, – все же она представляла собой самостоятельную общественно-экономическую структуру. Однако именно в этом качестве не смогла себя проявить.

Потребкооперация республики сегодня – это 2,6 миллиона членов-пайщиков и 200 тысяч работников системы, многоотраслевой характер деятельности, достаточно развитая материально-производственная база, широкая сеть инфраструктуры и, наконец, накопленный опыт предпринимательства. Вся эта мощная сила должна была более эффективно и целенаправленно участвовать в рыночных преобразованиях. Перво-наперво следовало окончательно отказаться от старой психологии, когда в государственных планах, бюджете республики всегда находилась отдельная строка для Казпотребсоюза в части выделения централизованных капитальных вложений, материально-технических и финансовых ресурсов, закладывалось товарное обеспечение торгово-заготовительной деятельности. Это время ушло навсегда. Ничего подобного, в том числе льготного кредитования за счет средств бюджета, теперь не будет. Потребительская кооперация должна сама взять на себя решение многих из тех проблем, которые возложены на нее и законами республики, и собственным уставом. И в первую очередь – в области стабилизации и реформирования сельской экономики.

Здесь процессы преобразований идут особенно сложно и неоднозначно, хотя рыночные отношения все же пробивают дорогу в толще трудностей и препятствий, постепенно формируются многоукладность и предпринимательство. Из 2,5 тысячи совхозов и колхозов порядка 600 преобразовано в акционерные общества и иные объединения товаропроизводителей. На селе образовано 17 тысяч фермерских хозяйств, у горожан имеется около 1,3 миллиона дачных участков. В индивидуальном секторе производится уже 37 процентов всей валовой продукции сельского хозяйства, в том числе 57 процентов молока, 46 – мяса, 39 – яиц и 37 процентов шерсти.

Все больше расширяются права сельских производителей, им предоставлена свобода в реализации основной массы выращенной продукции, но это тоже не такое простое дело, как казалось раньше. В неподготовленной среде, из-за отсутствия развитой рыночной инфраструктуры большинство из них не могут выгодно и без хлопот сбыть свою продукцию. Поэтому вокруг них, как мухи над сладким пирогом, роем кружат различные посреднические структуры, зачастую сомнительного толка.

Казпотребсоюз же по совершенно непонятным причинам остался в стороне от своего прямого и выгодного для себя дела. Еще пять лет назад потребкооперация ежегодно закупала у населения 100–110 тысяч тонн мяса, или четверть от производства всего индивидуального сектора. А сегодня такие закупки "съехали" до 35 тысяч тонн, или пяти процентов от нарастающих объемов в частном секторе села. Молока закупается только полпроцента, яиц – полтора. Заготовки картофеля сократились в 3–5 раз, такое же положение по овощам. Наверное, поэтому на местах постоянно поднимают вопрос о ликвидации системы потребительской кооперации с передачей ее фондов колхозам и совхозам, поневоле взявшим на себя ее функции.

В целом потребкооперация осваивает от одного до трех процентов сельскохозяйственной продукции, производимой в частном секторе. Это совершенно ненормальное явление. И такое положение не объяснишь распадом Союза или другими внешними факторами. Тогда почему свернута эта важнейшая сфера деятельности? Тем более что потребкооперация практически освобождена от закупок и поставок сельхозпродукции для государственных нужд.

Конституцияның маған берген құқықтарына сүйене отырып, қазіргі жағдайға жасалған талдауды басшылыққа ала отырып, мен Қазақстанның мемлекеттігін нығайтудың, біздің ішкі және сыртқы саясатымыздың таяу болашаққа, одан да алыс перспективаға арналған өзекті бағыттарына өз көзқарасымды баяндап өтпекпін. Мұның өзі, бұрын болып келгеніндей, жаппай "мақұлдауға" немесе дауысқа салуға мұқтаж емес, қайта көрісінше, ой елеғінен өткізуге және Жоғарғы Кеңестің ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік үкімет пен басқарудың барлық институттарының практикалық қызметінде жүзеге асыруға жататын саяси құжат екенін атап көрсеткім келеді.

Жолдауда да, оның белгілі бір дәрежеде құрамды бөлігі болып табылатын менің осы сөзімде де, мен аймақтар мен экономика салаларының ағымдағы барлық мәселелері немесе нақты проблемалары бойынша пікір айтуды мақсат етіп тұрғаным жоқ.

Өзімнің міндеттімді біршама кең тұрғыда көріп тұрмын – мемлекетті өкіметтің жоғары буындарының өкілдері болып табылатын, халық өзінің

* Назарбаев Н. Реформаларды түбегейлендіру, жалпыұлттық келісім арқылы – Жаңаарған Қазақстанға. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 64 бет.

тағдырын, өзінің болашағын сеніп тапсырған адамдарды, сондай-ақ саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстарды дүниеге нақты қарауға, қалыптасқан жағдайға бұра тартпастан баға беруге, дұрыс қорытынды жасауға және, сایып келгенде, үйымшыл да сындарлы жұмыс істеуге шақырамын.

Республикадағы жағдайға баға беруде бізде принципті алшақтық жоқ деп ойлаймын. Ол негізінен келеңсіз процестермен және тұрақсыз құбылыстармен сипатталып отыр. Дағдарыс және оның құлдырауы, инфляцияның өршуі түрінде көрініп отыратын ең шетін көріністері экономиканы тұрақтандыру жөніндегі біздің көптеген күш-жігерімізді жоққа шығарып, азаматтардың иығына ауыр жүк болып түсүде. Бұл шындығында да солай, және ешкім де осы фактіні теріске шығара алмайды.

Алайда, анықталып отырганындағы, бізде көптеген адамдар себеп пен салдарды, мақсаттар мен оларға қол жеткізудің құралдарын әлі күнге дейін шатыстырумен келеді. Айтыс қызыуына беріліп, дағдарыстың себептері реформалардың өзінде жатыр, бағытты таңдауда қателік жіберілді деп дәлелдеуге тырысатын күштер де табылуда. Бағытты, сонымен бірге ақылға келетін де, келмейтін де қасіреттерге кінәлі-міс деп есептеп, үкіметті ауыстыруды ұсынуда. Президент те, Жоғарғы Кенес те, бұрынғысы да, қазіргі де назардан тыс қалмай отыр.

Өзекті өртеген өкінішімізге қарай, дағдарыстар себептерінің бүкіл қырсының және бастан кешіріліп отырган кезеңіміздің бирегейлігіне талдау жасауға тәуекел ететін біздің саясатшыларымыз, мемлекеттік қайраткерлеріміз немесе жайбарақат қалғып-мүлгіп отырган экономика ғылыми саласындағы ғалымдарымыз тіpten az.

Бастапқыда өзіміз үшін бірнеше мәселені дұрыс тұжырымдал алайықшы. Қазіргі дағдарыстың қайнар-бастаулары қайда жатыр, оның бастапқы себептері неде? Ол үкімет жүргізіп отырган реформалардан және басқа факторлардан туындаған ба? Және, ақыр аяғында біз bugіn тап болып отырган жағдайдан шығатын жол бар ма?

Әп дегеннен-ақ бір мәнді айтайын: дағдарысқа киліктірген реформалар емес, қайта, керісінше, бізге ыдыраған одақтан мұрага қалған дағдарыс одан шығудың жолдарын іздестіруге итермелеп, реформалар жолына түсуге мәжбүр етті. Біз егемендікке ие болған кездे экономикамыздың іріп-шіру дертіне душар болғанын бір сәт есke түсірейікші. 1986 жылдан бастап КСРО-ның және барлық республикалардың экономикасы барлық өзекті көрсеткіштер бойынша құрт нашарлай бастады. Бірақ біздің санамыз ол кезде осы жәйттің өткірлігін бүкіл болмысымен қабылдай алмады. Біз ел астанасында бәрін де біледі, бәрін де істейді және қажет нәрсенің бәрін де береді деген біртұтас мемлекеттің ауқымдарымын өмір сүрдік. Ол шынында да беретін, бірақ ойсыратып та алатын. Ал соңғы жылдары берген нәрселерінің басым бөлігін сыртқы қарыз ретінде есептей бастады. Қазақстанда жал-

пүшлттық өнімнің құлдырауы ол кезде 7 процент болды. Бірақ бұл тек алғашқы дабыл қоңырауы еді.

Жария етілген қайта құру іс жүзінде басталмастан қалды, өйткені Кремльде қай жаққа қарап қайта құрылу, қандай түрде және қандай мерзімде қайта құрылу керек екенін білмеді. Бүкіл халық белгісіздік жағдайына душар болды, мұның шектен шыққан келенсіз зардалтары болатын. Экономика мен саясатта басталған эксперименттер іріп-шіріген жүйенің күйреуін тездетті, қоғамдық-саяси құрылышты өзгерту және экономиканы реформалау қажеттігін түсінуге жеткізді.

Астам держава ыдырағаннан кейін, жаппай дағдарыстың сығымдалған серіппесі одан әрі шиырылып, ақыр аяғында өзегінен шығып кетті де, бізді, бұрынғы одақтас республикалардың бәрін қардай бораған өткір проблемалардың астына көміл салды. Тек қазір ғана, тәуелсіздіктің үшінші жылында, біз, былайша айтқанда, бұрынғы империяның шикізат отары ретіндегі сын-аржақ дамуымыздың бүкіл салдарының салмағын енді ғана өз жан-тәнімізбен сезудеміз.

Оқиғалардың өрбүйнің ықтимал нұсқаларын есептеп келіп, әсіресе соңғы жылдары Қазақстан басшылығы Мәскеудің алдына, мәселен, біздің металлургия өнеркәсібімізде үшінші және төртінші өлшемдер құру туралы, жалпы одақтық қорларға ауыл шаруашылық өнімін беруді көміту туралы, басқа салалар мен аяларда дербестікті кеңейту туралы мәселелерді талай рет қойғанын еске сала кеткім келеді. Бірақ олардың бірде-бірі он шешімін таппады. Табуы да мүмкін емес еді: бізді бұрынғы сапада ұстап тұру тиімді болатын, ал мұның зардалтары ешкімді толғандырған емес.

Тоталитарлық партиялық-саяси құрылыш күйреді, держава ыдырады, бүкіл құрылымды уысында ұстап келген "жұдырық" ашылды. Бірақ сонымен бірге біз аса қуатты материалдық, қаржылық және инвестициялық тасқындар ретінде келіп жатқан қорек көзінен де айырылдық. Одақ үшін қажет өндірісті қоректендіріп келген куретамырлар тірілей қыып тасталды, бұған айырбас ретінде біз өзімізге қажетті кейбір тауар түрлерін алып келгенбіз.

Бірақ осыған басқаша, енді бүгінгі күннің биігінен қарайықши. Ал бұл қандай да болсын бастаманы тұншықтырудың және шектен шыққан масылдықты тәрбиелеудің аса қуатты аспабы болатын, осы масылдық көріністерінен біздің бүгінгі өмірімізде де аяқ алып журе алмайсыз.

Осыған байланысты Өскемендеңі Бірінші мамыр митингісінің қарапын еске түсіріп тұрмын. Онда социализмнің идеологиясы мен практикасына қайтып оралу, КСРО-ны қалпына келтіру сияқты талаптар баяндалған болатын. Алайда, егер мәселенің мән-жайына мұқият бойлар болсақ проблеманың астары мынада жатыр. Соңғы жылдардың бәрінде қала Орта мәшине жасау министрлігі және Түсті металлургия өнеркәсібі министрлігі сияқты одақтық алпауыттардың қажетіне жұмыс істеген өнеркәсіп алыптарының

есебінен дамып келеді. Олар адамдарға жұмыс және далаға тыныс-тіршілік беріп отырды. Енді олар жоқ, онымен қатар оларға қажет өнімге тапсырыстар жоқ. Республикада ондай өнімді сол көлемде өндірге қазір қажеттілік те жоқ. Үлбі металлургия зауытында бериллий өндірісі оның экологиялық қауіптілігінің жоғары болуы себепті азаматтардың талабы бойынша жабылғанын еске түсіруге болады.

Бірақ мұндай митинглердің негізгі бастамашылары көп ретте көленкеде қалуды артық санайтын басқа құштер болып табылады. Көбінесе осы бұрынғы және қазіргі басшылар, қоғамдық "лидерлер", өздерінің қарекетсіздігін бұркемелей отырып, және құрделі жағдайды пайдалана отырып, көкірегінде өз өндірістерін қайта бағдарлау жөнінде ешқандай идеялары жоқ басшылар көптеген адамдардың басын айналдырып бітті. Рас, осындай, онша үлкен болмаса да бірақ арандату әрекеттерінің дәні өзірше сол аялап өсірген масылдықтың нәрлі топырағына түсуде. Ештеңе өндірмestен немесе сұраным таппайтын өнім шығара отырып тұрақты жалақы алу дағдысы бізде әлі де басым.

Өзімізге мынадай сұрақ қояйықшы: осынау "халық қамын жеушілер" бізді қандай социализмге – Сталиннің казармалық немесе болашақ үрпақтардан бәрін де қарызға алып, шынын айтқанда елді және республикаларды тонаған Брежневтің жалпыға бірдей тенгермешілік социализміне қайтарғысы келе ме? Немесе тонайтын түк қалмаған тек құр уәде ғана берілген Горбачевтің "адам бейнелі" социализміне қайтарғысы келе ме?

Бірақ өткенге қайтып оралудың жоқ екені баршаға аян ғой. Оның үстіне бізде бұл социализм тіпті өткен кездің өзінде де атымен болған емес. Тарихтың қайталануы да мүмкін емес. Егер мұндай кездесетін болса, онда бірінші ретте ол қасірет түрінде, екіншісінде дабыра түрінде болатыны белгілі. Бізге мұның екеуі де жарамайды. Біз нарықтық экономика және демократиялық қоғам құру жолын жете түсініп және бүкіл халық болып таңдал алдық. Бұл жол адамзат өркениет дамуының барлық барысымен талап етілген және оны айқын түсінген сезімімен жүріп отыру керек. Бұл – біздің болашағымыз.

Сонымен қатар осы қорға түскеннен кейін біз оның объективті заңдылықтары, сөзсіз қыыншылықтары арқылы жүріп өту үшін және дүниежүзілік дамудың ережелерімен әрекет өту үшін осылардың бәрін біліп, соған дайын болуға тиіспіз. Мұндайларға шетін атрибуттары тән дағдарыстық құбыльыстар да жатады. Бұлардан дүние жүзінің бірде-бір елі айналып өтіп кете алмады. Америка, Франция, Англия, Турция, Германия, Үндістан және басқа елдер ұлы құйзеліс пен құлдырауды бастан кешірді. Тек сілкіністер күші ғана әртүрлі болды. Нарықтың қалыптасуының барлық "кедергілерін", мәселең Оңтүстік Шығыс Азияның "жолбарыстары" атанған кейбір елдер ғана женілдеу өтті. Жекелеген елдер әскери тәңкерістер мен азамат соғысына

килікті, Латын Америкасында нақ осылай болды және планетаның басқа да кейбір аймақтарында қазір осылай болып жатыр.

Өз дағдарысымызды жеңе отырып, біз басқалардың тәжірибесін шебер пайдалануға тиіспіз. Бірақ бұл орайда өзгениң практикасын сол күйінде кешіре салу туралы әңгіме болмайтынын да ескеру керек. Біздің өтпелі кезеңіміздің өз ерекшеліктері бар екені айдан анық, олар ең алдымен экономиканың сыртқы факторларға барынша тәуелді және оның дамуы деңгейінің тыым әлсіздігіне байланысты, мұның өзі бұрынғы одақтың барлық республикалары үшін сипатты жәйт. Алайда дүниежүзілік экономикада болып жатқан процестерді жақсы біліп, талдау жасау міндетті түрде қажет.

Нақты жағдайды басшылыққа ала отырып ілгерілеу бағытын дұрыс таңдау, кезеңдерді шеберлікпен айқындау, тактиканы белгілеу ғана емес, сонымен қатар қажетті тетіктерді кезінде іске қоса білу де маңызды. Жолдауда әңгіме де осы жайында. Оларды сан алуандығы мен курделілігін айқында жете түсіну үшін мен, өз көзқарасым бойынша, дамудың оңтайлы нұсқасының аса маңызды бағыттарын атап өтсем деймін.

Бұл жұмыстың өзегінде мыналар болады: егеменді мемлекет пен нарықтық экономика талаптарын формальды түрде емес, нақты ескеретін ақша-несие және банк реформаларын жүргізу. Оның өзекті міндеті – жүгендіз кеткен инфляцияны ауыздықтау және ұлттық валютаны нығайту. Өткен жылдың аяғында біз ұлттық валютаны енгізіп, өз дамуымызда елеулі тарихи бетбұрыс жасадық, сөйтіп біз реформаларды жүргізудің өзіндік және нақты тұтқаларына ие болу құқығына қол жеткіздік. Және жарты жыл ішінде бұл бағытта біраз нәрсе істелді. Жан-жақты қамтитын жекешелендіру бағдарламасын қабылдадық, саудада кеңінен ырықтандыру жүргіздік, экономикаға мемлекет тарапынан араласуды қысқарттық, қаржы-несие саясаты барынша батыл жүргізілетін болады. Қысқасы, қын жолдан өттік. Әу бастаң-ақ бұл шаралар оң нәтижелерін бере бастады.

Бірақ келесі, шешуші қадам жасайтын уақыт туды. Ол тәңгені нығайтып, оның нарқын тұрақтандыруға және инфляцияны ауыздықтауға жай ғана бағдарланбауға тиіс. Ол осы міндетке шын мәнінде қол жеткізілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Қаржы тәртібін нығайтуға батыл түрде бару керек. Бюджет саласындағы сияқты, банктер мен кәсіпорындардың қызметі саласында да осылай ету керек.

Әйтпейінше, біз экономиканы сауықтыра алмаймыз, инфляцияның өсуін тоқтата алмаймыз, инвестициялар үшін қаражат болмайды, кредит ресурстары да болмайды. Сонда ауыр дағдарыс пен әлеуметтік күйзеліс кезеңінде онсыз да қатты шайқалған адамгершілік санатымызға дейін бәрі де құнсыздана бастайды. Адамдар өмірі одан бетер нашарлайды. Өрекпіген гиперинфляция – кез келген экономикалық жүйенің өмір сүруінің соңғы табалдырығы, үмітіміздің толық күйреуі басталады.

Қаншалықты ауыр болғанымен, бізде қаржы тұрақтандырудың бірден-бір жолы қалғанын – айлықақы, зейнетақы және халықты өлеуметтік қорғау жөніндегі жәрдемақы төлеуге жұмсалатын өмірлік аса қажетті қаражатты қоспағанда, мемлекеттің барлық шығынын қысқарту екенін бүкіл қазақстандықтарға барлық жауапкершілікпен айтатын уақыт жетті.

Бұл кәсіпорындарға тікелей де, жабық түрде де берілетін дотациялардың кез келгенін тоқтату деген сөз. Олардың бюджеттен қаражат алуы доғарылып, ал кредит нақты әрі тиімді бағдарламалар мен жобаларға шектесулі мөлшерде берілуге тиіс. Зиян шегіп отырған кәсіпорындарды ең таяу уақытта банкроттыққа ұшырату керек. Салықтар мен бажға қатысты жеңілдіктің бәрін жою қажет. Мемлекет кәсіпорындар мен банктердің күмәнді берешектері немесе өтелмеген төлемдерін жабу жөнінде үкімет атынан ешқандай жауапкершілік алмауға тиіс. Өкілді, сот және атқарушы өкіметтің мемлекеттік органдарын ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту керек.

Екінші жағынан, телекоммуникация мен көлік, энергетика және басқалары сияқты өзекті салаларды реформалау ісінде қатыстыру үшін ірі-ірі шетелдік инвесторларды тарту жөнінде қабылданған шешімдердің жузеге асырылуын тездету керек. Солар бойынша халықаралық тендерлер өткізу керек. Мұның өзі істі біліп, түсінікті әрі аса тиімді болып жүргізілетін болсын.

Тауарлар мен көрсетілетін қызыметтің барлық түрінің бағасын босату қажет. Нанның бағасын босата отырып, табысы аз адамдарға оның айырмасын төлеу қажет. Сөйтіп мұның өзі адамдарымыздың осынау тетікті түсініп, қабыл алу үшін оны "сірестірмей", қайта сауатты да мінсіз атқару қажет. Жалпы алғанда, үкіметтен бюджеттің шығысы мен кірісіне қатаң бақылау жасауды талап етемін. Ал біздің Қаржымынің кірісті қалыптастыруды тым өлсіз, шығыс туралы өңгіме болған кезде тым көнілшек. Ахуал өзгергенімен, бюджет атқаруға келгенде қатаң болуға тиіс. Жеке салалардың немесе экономика аясының пайдасына қандай да болсын қысым көрсетуді немесе қолпаштауды батыл тоқтату керек. Бюджет мемлекеттік саясат тұтқасы, сондықтан оны корпоративтік, аймақтық және басқа мұдделердің ынғайына көніп, талан-таражға түсіруді тоқтату қажет.

Ұлттық банк жөніндегі жағдайды батыл түрде өзгерту қажет. Біз түрлі мақсаттар үшін онымен жеткілікті уақыт бойы айла-шарғы жасадық. Тек басты мақсат үшін емес. Өуел баста оны Жоғары Кеңеске бағындырыдық. Бұдан не шықты? Ол тікелей парламент сессиясына бағынышты болды емес пе? Оған Экономикалық реформа жөніндегі комитет басшылық жасады, ал онда бірде-бір банк маманы болған жоқ. Тек жаңа бюрократия үшін әбден қисынды өзгеріс жасалды – "телефон құқығы" партаппараттан парламент аппаратына көшті.

Қазір Ұлттық банктің басқармасына үкімет басшыларын енгіздік. Бірақ бұл да тиімді бола қойған жоқ. Оны қандай да болсын бағыныштылықтан

және өкілді де, сондай-ақ атқарушы органдардың қамқорлық жасауынан шығару қажет, сөйтіп тәңгені тұрақтандыру жөнінде шындал жұмыс істеуін қатаң талап ету қажет.

Мұндай шешімдер қабылдау және нақ осындай бюджетті бекіту маған да, сіздерге де ауыр екенін білемін. Баршамызға қыын соғатынын да білемін. Кесіпорындар тоқтайды, көптеген жұмыссыздар пайда болады, наразылық білдірушілер болады, тағы да митингіге және басқаларына шақыруышылар да табылады, күнәшарлардың беріне, ең алдымен мені, әрине сіздерді айыптастындар болады. Осының беріне де төтеп беру керек.

Егер біз ез Отанымыздың нағыз патриоты болатын болсақ, дағдарыстан шығуды шындал қалайтын болсақ, және сол арқылы халқымызға лайықты өмір өперуді қалайтын болсақ, біз осы қыындықтардан өтіп, оларға төтеп беруге тиістіміз. Осыдан 50 жыл бұрын, ұлттыл Германияға қарсы соғыс кезеңінде Ұлыбританияның Премьер-министрі Уинстон Черчилль өзінің халқына арнаған сөзінде былай деген: "Бұл бәрімізден құрбандықты талап ететін ауыр да қыын соғыс болмақ, бірақ бізде басқа таңдау жоқ". Ол бұл соғыста жеңіске жетіп, оның жемісін көру үшін ауыртпалық пен қайғықасірет шегуге төтеп беру қажеттігін ез халқынан жасырғысы келмейтінін атап көрсеткен. Қазақстан саяси тәуелсіздік алды. Бірақ біз енді өзіміздің экономикалық дербестігіміз жолында курс жүргізудеміз. Сондықтан мен Қазақстанның әрбір азаматынан, бірінші кезекте бізден едәуір күш-жігер жұмсау талап етілетінін сіздерге ашық айтамын.

Бүкіл экономикалық реформаны ұттымды етудің осындай аса маңызды да ең бірінші бағытымен жекешелендіру мен жеке секторды қарышты түрде дамыту, бәсекені өрістету және өндіріс пен еңбектің қуатты тұтқаларын, әлеуметтік қорғаудың тиімді тетігін жасау саласындағы жаңа міндеттер табиғи түрде етene келіп жанасады.

Құқықтық реформа жүргізу міндетті аса ірі жиынтығымен алда тұр. Ол, былайша айтқанда, реформалардың экономикалық жиынтығына "тірек" болып қана қоймай, сонымен бірге оны серпінді түрде жүргізу үшін өзіндік бір локомотив рөлін де атқаруға тиіс.

Осы міндеттердің берін шешу стратегиялық бағыттың сабактастырын сақтайды. Сонымен бірге ұсынылып отырған саясаттың әрбір жиынтығы, әрбір қыры сапалық жаңа мазмұнмен байытылған. Мақсаттарды алға қою, сондай-ақ оларға қол жеткізу әдістері бойынша да осылай. Бұларды жүзеге асыру жеңіл болмайтыны және белгілі бір шығын жасау мен ұштастыру мүмкін болатыны даусыз.

Қолданылатын шараларды терең пысықтаудың аса маңыздылығы және олардың орындалуы үшін жоғары жауапкершілік осыдан туындаиды. Барлық іс-әрекет және ықтимал нәтижелер мүқият пысықталып, олардың зардабына алдын ала талдау жасалуы тиіс.

Халықтың реформаларға қатысу ісіне арта түскен ұмтылышы да біз үшін маңызды фактор болып табылады. Адамдардың психологиясында біртебірте болса да, әйтеуір сапалы бетбұрыс болып жатыр. Олар нарықтық қатынастарға барған сайын көп дәрежеде бейімделіп келеді. Соңғы сұрау салудың деректеріне қарағанда, халықтың 70 процентке жуығы нарықтық өзгерістерге қарай ұсталған бағытты қолдауда. Ал Қазақстан реформалар жолына түскен бастапқы кезеңде бізде оны жақтаушылардың саны 20 процент қана болған еді.

Адамдарымыздың санасындағы мұндай бетбұрыс таңдал алған бағытпен мақсаткерлікпен әрі жүйелі түрде ілгері қадам басуымыз үшін негіз береді.

Менің пікірімше, бүгін таңда алдымызға қойып отырған міндеттерді шешуде өзекті маңызы бар мәселелердің біріне негұрлым ежей-тегжейлі тоқталағым келеді. Бұл – қоғамның рухани жай-күйі, республикадағы тұрақтылық атмосферасы, ұлттық және азаматтық татулық. Осыдан бір жыл бұрын Қазақстан қоғамының прогресі мен гүлденіп, көркеюге қарай ілгері басуы негізінде оны топтастырудың жалпы ұлттық идеясын ұсынған кезімде осыны алған едім. Уақыт көрсеткеніндей осы идеяны Қазақстанның бүкіл халқы қолдап отыр.

Ашығын айтайын: Қазақстанның әрбір саясатшысы, әрбір партиясы қоғамдық қозғалысты, әрбір азаматы, егер де біз өзіміздегі қазіргі татулықты, әсіресе ұлттық татулықты сақтал, орнықтырмасақ, онда алдымызда шыңырау тұрғанын айқын сезінуге тиіс. Егемендікпен, реформалар ісімен және өзіміз бен балаларымыздың болашағы жайындағы нендей бір армандаумен біржолата қоштасуға тұра келеді. Сондықтан біз істі азаматтық бейбітшілік пен ұлттық татулықты бұлдіруге әуестікті қоздыруға тырысатындар еліміз заңдарының бүкіл қаталдығы бойынша қатан жауапкершілікте болатындей етіп қоюға тиіспіз.

Бұрынғы КСРО тарихы мен біздің қазіргі тарихымыз мұндай іс-әрекеттер тұтас халықтың қайғысымен аяқталатынына бәрімізді үйретуге тиісті болды. Реформалар бағытын жүргізуши басшылардың жікке бөлінген қоғамда белгіленген істі жүзеге асырудың іс жүзінде өшқашан да сәті түспегенін есте сақтауы қажет.

Өтпелі кезеңнің қындықтары, қайшылықтардың шиеленісіү дәғдарысты құбылыстармен қосыла келіп, күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайды ықтимал түрде жарылыс қатері бар іске айналдырады. Адамдар арасындағы кез келген қақтығыс дәрі толтырылған бешкені жағып жіберетін сіріңкеге айнала алады. Әсіресе ол ұлтаралық негізде жасалатын болса. Ал шындығында ұлтаралық қатынастар тек себеп қана болса. Осынау қақтығыстың бәрінің негізінде қылмыстық әрекеттер жатыр. Қарабақ қақтығысы нақ осыдан басталған.

Ол кезде Агдамда екі әзербайжан өлтірілді. Бұған кек алу ретінде Сумгайитте жазалаушылар 32 армянның өмірін қиды. Бұдан кейін қақтығысқа екі тараптан да саясатшылар арапасты. Шын мәнінде олар ондаған, оған дейін жүздеген, ал бұдан соң тіпті мындаған адамдардың тағдыры мен өміріне түкірмейтін де еді. Енді олар өзінің қара ісін тындырып, саяси аренадан кетті. Ал Армения мен Әзербайжан арасында азамат соғысы жүріп жатыр. Өз мемлекеттерінің экономикасын көтеріп, өздері мен балаларына қалыпты тұрмыс жағдайын жасау орнына, адамдар бірін-бірі өлтіріп жатыр.

Өткен жылы бізде бірнеше қазақты өлтіру қоздырған тобыр чешен халқы тұратын поселкені талқандауға тұра ұмтылған Өскемендеңі қақтығысты еске алыңызыбы. Сол кезде біз оларды иландыра алдық, қырғын жасауға жол бермедік және ахуалды сақтап қала алдық. Ал бүгін таңда және ертең қалай болмақ? ОМОН-ды және әскерлерді дап-дайын етіп ұстап тұрмақпаз ба?

Бізге құнделікті тер төгіп жұмыс істеу арқылы өліміздегі тепе-тендікті, тыныштықты және тұрақтылықты сақтаудың сәті түсүде. Бұл үшін зор күшжігер жұмсап, іс жүзінде жағдайға құнделікті бақылау жасау керектігін жасырмаймын. Бірақ бұл біздің ілгері қадам басуымызға көмектесіп, шет елдегі біздің әріптестеріміздің назарын аударуда, сөйтіп ең бастысы ішкі өмірімізге тыныштық әкелуде.

Бірақ мына мәселеге өз-өзіміз адал жауап берейікші: адамдарымызды барынша тыныштандырып, олардан да, өзімізден де болашақ үшін алаңдаушылықты қалай да алып тастау үшін бәрін де ескеріп, бәрін де істей алып отырмыйз ба? Мен бұл сұраққа мақұлдап жауап берे алмаймын. Ол ол ма, бұл істе жай ағаттықтарға емес, сонымен бірге асыра сілтеушилер, қателіктер де аз емес деп санаймын.

Мен үшін өте қыын және республика үшін төтенше маңызды көші-қон мәселесін алайық. Бұл процесс табиғи ғой деп өзді-өзінізді жұбатып, осы проблемага біршама жеңіл қарап жүрген жоқсыздар ма. Әрине, адамдарда әрқашан да өзінің елінде болсын, сондай-ақ одан тысқары жерлерге кетумен болсын, тұрғылықты жерін таңдау құқығын жүзеге асыру мүмкіндігі болған. Бірақ осы проблеманың төнірегінде бояуды қалыңырақ жағуға ұмтылу да, сондай-ақ шындықты боямалап көрсетуге тырысуышылық та, сейте тұра еш нәрсе болмағандай сыңай таныту да менің зығырданымды қайнатады.

Статистикаға көз салайық. Фасырымыздың соңғы ширегі бойында Қазақстан одан кетушілердің саны келушілердің санынан артатын аймақтар қатарына жатқан еді. 60-шы жылдардың аяғынан бастап мұндай басымдық шамамен 20 мың адамдай болды. Ал 80-ші жылдары 80 мың адамға жетті. Алайда, соңғы уақытта халықтың көшіп-қонуының азаюы күрт үлғайды, сейтіп өткен жылы 222,1 мың адамға жетті. Егер бұрын халық тұрақты түрде есіп келген болса, өткен жылы оның тұнғыш рет азаюы тіркелді. Бірақ мұның

себебі неде екені әлі күнге дейін ешкімді толғандырып, не ойландырып көрген емес.

Оның себебі әртүрлі. Отбасының жағдайы, жұмыс орнын ауыстыру, оқуға түсү, тарихи отанына қоныс аударуға тілек білдіру және тағы басқалары екені түсінікті. Көшіп-қонушылардың құрылымында әскерилердің үлес салмағы едәүір. "Ғасыр құрылыштарына" ұйымдастыран түрде жұмысшы құшін тарту деп аталатынмен бізге жай ғана жұмыс істеу үшін келгендердің арасына кетушілер де аз емес.

Дегенмен әуелі бұл жөнінде ойына да келмеген көптеген адамдардың белгілі бір сәтте психологиялық қолайсыздықты сезінетін болғандықтан кетіп жатқанына көз жұмуға болмайды. Ол бәрінен бұрын асыра сілтеушілікке, күрделі әлеуметтік-мәдени бағдарламаларды жүзеге асырударғы асығыстыққа байланысты көптеген факторлардың жиынтығынан құрылады. Және мениң айтқандарымның бәрін әлдекімнің қысымына көну деп қабылдауға болмайды. Бұл жіберілген қателіктерді тузыту, қалыптасқан жағдайларға ақыл-таразысына салып, әркениеттілікпен қарау болады.

Бірінші кезекте бұл тіл саясаты мен мемлекеттік тілге қатысты. Бұдан бірнеше жыл бұрын орталық комитеттің идеологиялық басшылығы мен үкіметтің бұрынғы құрамы қазақ және басқа тілдерді дамытудың қабылдаған мемлекеттік бағдарламасы қазақ тілін енгізу тәртібі мен мерзіміне қатысты жіберілген асыра сілтеушілікке орай қоғамды бірден дүрліктіріп жіберді. Оның үстіне бұл көптеген қазақтарды да түйікқа тіреді. Ол шапшаң қайта қарауды қажет етеді деп ойлаймын. Кешіктірмей тіл туралы жаңа заң қабылдау және орыс тілге деген кемсітушілікті алып тастау қажет, ол орыс тілді халықтардың өзінен гөрі қазақтарға және басқа халықтарға дамуы үшін аса қажет. Сонда қазақ тілін дамыту мен оны барлық халықтың үйренуі жөнінде нақты шаралар белгілеу қажет.

Ал жергілікті, сондай-ақ астаналық шенеуніктердің талпынуымен кадр саясатында ол жағы мен бұл жағына қарай қиғаштықтар жіберілгені құпия нәрсе ме? Мысалы, Тіл жөніндегі комитетте 30 қазақтан басқа барлығы үш қана орыс, екі ұйғыр, бір әзіrbайжан істейді. Ал бұл барлық тілді дамытумен және олардың проблемаларымен айналысадын ведомство емес пе. Оның есесіне агроенеркәсіптік кешенді басқару жөніндегі жоғары ареопагта он бес басшының үшеуі ғана қазақ. Мұндай қиғаштықтар орталықта да және жергіліктерде де орын алған. Сөз жоқ, мұны тузыту керек.

Айтпақшы, шенеуніктер туралы. Ұқыпсыздықты болдырмау, қабілетсіздердің үкімет басына келуіне тосқауыл қою үшін, барлық шендердегі басшылардың жауапкершілігін арттыру үшін мемлекеттік қызметшілер туралы заңда олардың, сондай-ақ үкімет мүшелерінің отанға және оның мүддесіне адаптулауға анықтаудың көздеуін ұсынамын. Онда сонымен қатар антты бұзғаны үшін тиісті әкімшілік және қылмыстық шаралар мен санкциялардың қолданылуын қарастыру қажет.

Талапкерлерді жогары және орта арнаулы оқу орындарына қабылдауда үйлесімсіздікке жол берілді. Бірақ мұнда да кейбіреулер барынша сәтті етіп көрсетуге тырысты. Ономастикалық комиссияның ойластырылмаған, "атқа мінерлік" жұмысы да бұлдіргіштік үлесін қосты. Көшелердің, елді мекендер мен тіпті ірі қалалардың да жаппай аттарын өзгерту біржақты сипат алды, қоғамдық пікір, халықтың этнографиялық құрамы, ал кейде ғасырлар бойы дәстүрлөрі және ең бастысы – бұқаралық сананың психологиясы ескерілмей қалды.

Біздің аса көрнекті ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың есімін мәңгі есте қалдыру үшін астананың тарихынан Луи Пастердің есімін өшіріп тастаудың міндепті болмағанымен келісетін шығарсыздар деп ойлаймын. "Қайта өзгертушілер" жиырмасыншы жылдары Қазақстанға тырысқақ індептімен күресу үшін француз медиктерінің бір тобы келгенін, олар өздерінің ұлы отандасының ашқан жаңалығы мен вакцинасын пайдалана отырып, осынау зор кесапттан біздің құтылуымызға көмектескенін білгені жөн еді. Сөйтіп біздің қаламыздың риза болған тұрғындары Пастердің құрметіне осы көшені атаған болатын. Және бұл игілікті миссия осы көшеге орналасқан болатын. Ал суретші Николай Хлудов, этнограф Александр Затаевич, композитор Евгений Брусиловский тәрізді жарқын тұлғалардың және басқа да көптеген көрнекті адамдардың есімін лайықты сақтау үшін біз қолдан келгеннің бәрін жасадық па?

Тұрмыс деңгейінде ұдайы кездесетін ұлтшылдық тұрғыдағы кикілжіңдерге біз әлі күнге дейін қалай да мән бермей келеміз. Ал нақ осында бәлки көп залал жатқан шығар. Ұшқыннан өрт шығатын нақ орта да осы болар.

Мұның өзі біздің қарым-қатынастардың қарапайым мәдениетіне, адамға деген қарапайым құрмет көрсетуге тәрбиелеумен шын мәнісінде шүғылданбайтындығымыздың айғағы. Бұл белгілі бір ұлтқа ғана тән емес, бұған бәрі де кінәлі. Өз қызметінде әрқиыл мәселелер қойғанда көп ретте әделтілік пен ұстамдылық жасай алмайтын орыс қоғамдастықтарының өкілдеріне де кінә қоюға тиіспін. Қазір "ағалы" да, "інілі" де туысқандар жоқ екенін, бәрі заң мен өз ожданы алдында бірдей екенін мән талай рет айтқанмын.

Сол "тұрмыс деңгейіне" назар аударатын уақыт жетті деп есептеймін. Ұлттық белгісі бойынша қорлағаны үшін қатаң жазалау керек. Ең бастысы, ақыр соңында тәрбие жұмысын жолға қою балабақшасынан бастап, оны өндіріске дейін тоқтатпау керек. Бұған Білімнің барлық құрылымдары, депутаттар және, әсіресе, әкімшіліктер қосылуға тиіс. Үкіметке келсек, ол тиісті арнайы бағдарламаны әзірлеуге тиіс.

Бір жақтың да, екінші жақтың да ойластырылмаған іс-қимылдарының шынайы патриотизмнен шалғай жатқанын батыл айтқым келеді. Бір кезде Лев Толстой кейбір жағдайда патриотизм дегеніміз, есте ізгі сезім бола алмай қалады, деген болатын. Бұл кімде-кім бір халықтың екінші халықтан

артықшылығын өршелене жариялаған жағдайда мүмкін болады, деп көрсетті ұлы гуманист.

Қандай да бір ұлттың құқығын қорғауға идеялық ұмтылыстан, оны қалай кемсітілуін көрсетуге тырысу әрекетінен көп ретте ұлтшылдық лебі еседі. Осы негізде туған патриотизм тез арада патриоттық айғайға, ал содан кейін ұлтшыл-патриотизмге көшеді, одан фашизмге жарты қадам ғана қалады. Мұның бері дүшпанды, ең алдымен, басқа ұлт өкілдерінен іздестірумен ушығады. Ұлтаралық жанжалдың шығуы үшін негіз табылды деген міне осы. Енді істің ең азы ғана қалады, сылтау керек, оны әрдайым немесе қылмысты элемент, немесе люмпен-пролетариат "ұйымдастыра" алады.

Көші-қон проблемаларына қайта орала отырып, көптеген миллион адамдар үшін Қазақстан шын мәнісінде отанына айналғанын атап көрсеткім келеді. Мұның өзі бағалы адами капитал. Одан айырылу – еліміз үшін үлкен шығын. Республика дамуының экономикалық перспективасына келсек, көші-қонның қүшесінде оған елеулі түрде әсер етпек: өйткені негізінен инженерлер, техниктер, мұғалімдер, дәрігерлер, білікті мамандар әдетте, белсенді еңбек қабілеті жасындағы адамдар көшіп кетіп жатыр.

Бізде мемлекет деңгейіндегі көші-қон проблемалары жөніндегі жұмыс бытыраңқы, оны тиісінше үйлестіру болмай отырғанын айтайын. Қазіргі жағдайдың өзі салмақты көзқарасты, ойластырған іс-қимылды, көші-қон де-парламентінің, Ішкі және сыртқы министрліктерінің, қоғамдық үйымдардың білікті де тыңғылышты жұмыс атқаруын талап етіп отыр. Көші-қонның әлеуметтік-саяси, экономикалық зардаптарын ескере отырып, олардың стихиялық түрде ұлғаюын болғызбау үшін көші-қон тасқынын басқарудың пәрменді бағдарламасын жасаған жөн. Біріншіден, көші-қонды тұрақтандырудың халықты жұмысқа қамтумен байланысты бөлігінің заң жүзінде ынталандыруды жүзеге асырып, еңбек пен жұмысқа қамту бөлімдерінің жауапкершілігін арттыру керек. Өйткені олардың көмегімен жұмыссыздық проблемалары, демек еңбек ресурстарын бөлу ісі шешілетін болады. Қазақстанға қайтып оралған зейнеткерлерге зейнетақыны қайтарасың деуден артық әүре-сарсанға жол бермеу үшін зейнеткерлік зандарына тиісті түзетулер енгізіп, бұл мәселелерді ТМД-ның басқа мемлекеттерінің парламенттерімен келіскең жөн.

Бүгінде азаматтық туралы мәселе де өзінің көкейкестілігін жойған жоқ. Ескі парламентке бұл проблемалармен егжей-тегжейлі шұғылдануға уақыт жетпей қалды. Олқылықтарды тез арада түзетуге тұра келді. Осы жылғы ақпанда Азаматтық туралы заңға елеулі өзгерістер енгізу туралы Президенттің Жарлығы шықты. Онда азаматтықты қабылдау рәсімі едөүір женілдетілді, азаматтық алу мерзімі қысқартылды, азаматтарды тіркеуге қатысты қағидалар баяндалды. Бұған қоса, Мәскеудегі наурыз сапарының барысында азаматтыққа қатысты Қазақстан мен Ресей арасындағы меморан-

думға қол қойылды. Осы мәселелерді одан әрі түзетудің барысы Қазақстан мен Ресей парламенттеріне байланысты болды.

Бізге таяу уақытта адамдарды тұрақты орындарына тіркеу мен оларды таңдауына әртүрлі заңсыз шектеулерді алу жөніндегі құқықтық кепілдіктердің тиімді жүйесін құру қажет. Біз заңды деңгейде жергілікті бюрократияның, ішкі істер бөлімдерінің, паспорт қызметінің жұмысындағы әртүрлі бұрмалаушылыққа тосқауыл қоюымыз керек. Отанына қайта оралған адамдардың ұлты бойынша бөлінбей, азаматтықты қолма-қол алуы туралы мәселе қарау керек деп ойлаймын.

Бұның қажеттілігі тағы да қайта келушілердің көбеюінен де туындалған. Қөніл-күйінің әсерімен кеткен адамдар өзіне лайықты іс таппай, кейде дұшпандықпен қарсы алынған және жаңа жерлерде өздеріне көзқарасқа риза болмағандар қайтып келіп жатыр. Кейде олар Қазақстанда адал еңбегімен тапқан барлық мүлкінен айырылып қайтады. Біз олардың жайғасуына көмектесуге тиіспіз.

Уақыт бізді асықтырады, ейткені адамдардың өзінің болашағына сенімсіздігі оларды қалу немесе кету мүмкіндігін таңдауға мәжбүр етеді. Көшиқон процестерін және оларды туғызу себептерін талдаудан мен біздің мемлекетіміздің шешуге құші бар немесе көршілерімен бірге шешуге болатын проблемаларға ғана тоқталдым.

Жоғарыда айтқандарды тұжырымдай келіп, Қазақстан бірегей және өзінің көп ұлттылығымен құшті екенін тағы да еске саламын. Ол көптеген тарихи себептермен қалыптасқан. Мұны біз аттап өте алмайтын ақиқат ретінде қабылдауға тиіспіз. Бұл жерде бірегей сан алуан мәдениет кеңістігі қалыптасты. Оның жетекшілері қос арна болып табылады.

Бірі қазақ мәдениетінің әрі оның құрамдас элементтерінің және, ең алдымен тілдің қайта түлеуінен көрініс береді. Жоғалтып алғанды қалпына келтірудің объективті процесі жүріп жатыр. Республикада өмір сүріп жатқан халықтардың барлығы мұны түсінуге және қабылдауға тиіс. Бұл орайда мұнда келген адамдардың барлығының, оның қалай ерікті немесе құштевумен болғанына қарамастан, осы жерден өз отандарын табуына қазақ халқының қолдан келгенінің бәрін жасағанын ұмытпауы керек. Ашықтық және жан ізгілігі, мұқтаж адамды жылдытуға, онымен қолдағы барын бөлісуге да ярлық қазақ халқының генетикалық қасиеті болып табылады. Ол ешкімге де және ешқашан жеккөрушілік немесе артықшылық танытқан сезіммен қараған емес, ешқашан да ұлтаралық жанжалдың шоғын маздатуға қызмет еткен жок.

Екінші тасқын – орыс тілді мәдениет, орыс халқының ежелден келе жатқан дәстүрі және сан ғасырлық даму барысында солар бойға сініргеннің бәрі ғана негіз болып табылады. Бұл мәдениет славяндардың ғана емес, сонымен бірге Қазақстанды мекендейтін барлық халықтардың игілігі, олар-

дың мәдени әлеуеті болып табылады. Мұны жоққа шығаруға әрекеттегендер, оқшаулануға үмтүлғандар өзін жалпыәлемдік мәдениеттің жанды қайнарларынан бөліп тастамақ.

Біздің қазақтардың орыс мәдениеті мен әдебиетін мақтанышпен оқып-үйренетініміз өрі танитынымыз ешкімге де құпия емес, ал енді бір жағынан – біздің даламыздың рухы республикада тұратын өрі Қазақстан жүргегіне жақын әрбір адамға терең бойлаған. Сондықтан елтіміздің барлық азаматтары үшін өзін-өзі тенестіру деген ортақ-айрықша ұғымның өмір сүріп отырғаны туралы айтуға болады. Біз ортақты сақтау мен дамыту үшін, біздің ортақ үйіміздегі бейбітшілік пен татулықты бұзуға үмтүлатьын кез келген күшке қарсылық білдіре отырып, іс-қимыл жасауға міндеттіміз. Дербес өмір сүретін мәдени тасқындарды тану олардың бір-бірін өзара толықтыратынын, өзара байитынын жоққа шығармайды, мұның өзі ассимиляция дегенді де білдірмейді. Қазақстанның алуан мәдениеттілігі қоғамымыздың дамуында прогрессіл фактор болып табылатынына құдіктенуге болмайды. Және біз тарих табыс еткен мүмкіндікті толық дәрежеде пайдалануға тиіспіз. Біздің Еуразиялық тамырының шығыстық, азиялық, батыстық, еуропалық тасқындарды біріктіруге және алуан мәдениеттілікті дамытудың бірегей қазақстандық нұсқасын жасауға мүмкіндік береді.

Нақты жағдайға қарай біздің парламент әртүрлі ұлттық мәдениет тасқындарының өмір сүруін ескере отырып, мәдениетті дамытудың принципті жаңа базасын құруды қажет деп есептеймін. Заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу оның негізіне алынуға тиіс. Ал оның этникалық белгілер бойынша кемсітушіліктің кез келген формаларына жол бермеуге өрі Қазақстанның барлық азаматтары үшін тәң мүмкіндіктер принципін толығынан жүзеге асыруды қамтамасыз етуге бағытталғаны жөн. Барлық этностардың мұдделерін және жалпыұлттық мұдделерді ескеретін заңдар пакетін қабылдамайынша, республикада ұлтаралық татулықты баянды етіп, азаматтық бітімді нығайта алмаймыз. Мен бұған терең сенемін.

Біздің ортақ үйіміздегі бітім мен татулықты қамтамасыз ету мақсатында барлық қоғамдық күштердің арасында бәтуага қол жеткізу қажеттігін ескере отырып, және басқа шараларға баруға болар еді.

Еліміз үшін ең басты бұл міндеттерді шешудің менің ойымша, екі жолы бар:

1. Яки барлық саяси партиялар мен қозғалыстардың, бұқаралық ақпарат құралдарының арасында ерікті келісім жасау, олар өсіресе мына күрделі өтпелі кезеңде халықтардың сенімі мен достығын, республикада бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуды өз міндеттеріне алуға тиіс.

2. Яки азаматтардың, саяси және қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының таралынан қоғамдық-саяси тұрақтылыққа кез келген қол сұғушылығына қарсы заңдық тыйым салу мен қатаң санкция енгізу.

Мен біріншісін таңдар едім.

Жоғарғы Кеңес, депутаттар оларды сайлаған адамдардың еркін білдіре отырып, келісімде осындай қадамның инициаторлары бола алар еді. Оның үстіне мұның өзіміз көздел отырған реформаларды жүргізу үшін өмірлік маңызы бар.

Құрметті депутаттар! Соңғы жылдар біз үшін сыртқы саясат саласында орасан зор жұмыстар уақыты болды. Ең алдымен Қазақстанның бұдан үш жыл бұрынғыдай мемлекет емес екенін атап өтемін. Біз әлемдік қауымдастыққа тең құқылыш және тәуелсіз әріптес ретінде танылдық. Президент ретінде менің елдің егемендігін қалыптастыру, оның қауіпсіздігін, аймақтық және халықаралық ұйымдардағы халықаралық беделін нығайту үшін біраз күш жұмсауыма тұра келді. Қазақстанның сыртқы дүниемен өзара қарым-қатынасының шарттық-құқықтық базасы дамыды, жетекші ядролы держалар – АҚШ, ҚХР және Ресей тарапынан қауіпсіздік кепілдігі қамтамасыз етілді.

Қазақстанның Стратегиялық шабуыл қару-жарағын шектеу мен қысқарту туралы шартқа, Орта және таяу қашықтықтағы ракеталарды жою туралы шартқа, Еуропалық кәдімгі қару-жарақ күштері туралы шартқа қатысуы, сондай-ақ Жоғарғы Кеңестің 1993 жылғы желтоқсанда ядролық қаруды таратпау туралы шартты бекітуі – осының бәрі әлемде оң әсер туындалған. Әрі республиканың әлемдік қауымдастыққа тұтасуының жаңа мүмкіндіктерін ашты.

Бұл орайда бастаған жұмысты жалғастыра отырып, бізге сыртқы саясат бағытын терендете түсу керек. "Бұғінде өзімізді әлемдік саясатта қандай дәрежеде бөліп көріп отырғанымыздың" проблемаларын өзіміз ғана түсініп қою аздық етеді. "Халықаралық әріптестердің бізді қалай көріп отырғанын" білу және ескеру қажет. Дәлірек айтсақ – "жаңа әлемдік шаруашылық құрылымында қандай орынға іе бола алатынымызды" білуіміз керек.

Қандай қыын болмасын, тап биылғы жылы сіздермен бірге өзіміздің сыртқы саяси стратегиямызды ақырына дейін құрып, әлемдік геосаяси кеңістіктегі өз орнымызды айқындауға тиіспіз. Бұғын танда Америкада, Еуропада, және Оңтүстік-Шығыс пен Орталық Азияда жаңа ғаламдық экономикалық аймақтар қалыптасып келеді. Өзінің аумағы, шикізат ресурстары және басқа факторлары жөнінен Қазақстан барлық Орталық Азия сияқты, біздің өзіміз үшін қызықты елеулі геосаяси және экономикалық проблемаларды шешуге сезсіз тартылатын болады.

Үрпақтарымызға қандай мемлекет қалдыратынымыз осы курделі жағдайда сізбен қандай қадам жасайтынымызға байланысты. Тап осы аспект АҚШ-қа, Германияға, Францияға, Англияға, Жапонияға және Ресейге мемлекеттік сапарлар кезіндегі, сондай-ақ Қытай үкімет делегациясының бізге ресми сапарындағы келіссөздер сериясының ең басты өзегіне айналды.

Біздің ҚХР мен Қазақстан арасындағы шекараны зандық рәсімдеу туралы шартқа қол жеткізуіміздің тарихи мәні бар.

Біздің сыртқы саясатымыздың ұзақ мерзімді аспектілерінің бірі бүгінде Азияда күш алып келе жатқан терең экономикалық процестерді қамтиды, ал құрлықтың саяси өмірінің жоғары қабатында ол, менің ойымша, осы ғасырдың аяғында ғана қылаң береді. Мен Азиялық құрлықта өріс алып келе жатқан экономикалық тұтасу процесін айтып отырымын. Ерте ме, кеш пе, бізде де, Азияда да бүкіл құрлықтың ауқымындағы үйлестіру және тұтастыру жөніндегі арнаулы жұмыстар туралы, бәлкім тіпті Азиялық ортақ нарық құру туралы мәселе қойылады. Біздің тарапымыздан Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары туралы кеңес ұйымдастыру жөніндегі жұмыс табандылықпен жалғастырылуы керек.

Және, әрине, біздің сыртқы саясатымыздың маңызды аспектілерінің бірі кеңестік кезеңге дейінгі елдермен қатынасы болып табылады, өйткені Қазақстандағы ішкі жағдай едөуір дәрежеде геосаяси факторлармен айқындалады, олардың неғұрлым маңыздылары республиканың ТМД-дағы айрықша жағдайы, Ресеймен, Орталық Азиядағы бауырлас мемлекеттермен өзара қарым-қатынасы болып табылады. Қазақстанның, Өзбекстанның және Қыргызстанның арасындағы бірыңғай экономикалық кеңістік туралы келісімді айрықша атап өткім келеді, ол өзінің оң нәтижелерін беріп те жатыр.

Биылғы жылдың наурыз айында Мәскеу қаласында болып өткен Қазақстан-Ресей келіссөздері мемлекеттіміздің қарым-қатынасындағы жаңа маңызды кезең деп есептеуге болады. Ресей демократия мен нарықтық реформалық жолын таңдап алды, бұрынғы одактың империялық әрекеттерінен үзілді-кесілді бас тартты. Және бұл қанағат сезіміне бөлейді. Ресеймен іс жүзіндегі стратегиялық ігілікті қатынаста болу – халқымыздың мүддесіне сай келеді.

Қазір Достастықты барынша пәрменді, жұмыс істейтін бірлестікке реформалау қажеттігі айқын болып отыр. Оның үстіне ТМД елдерінің саяси ақсүйектер мен халықтарының ұмтылыстары арасында алшақтық орын алып отыр. Достастықта халықтың басым бөлігі интеграцияға қосылу ниетінде, ал осы кезде кейбір саяси топтар мемлекеттік оқшаулануды нығайтуға ғана бағдар ұстауда. Қысқасы, қалыптасып отырған жағдай интеграцияның ескі, ешнәрсеге міндеттемейтін формаларынан Достастықты да-мытуда сапалық түрғыдан жаңа кезеңге көшу қажеттігін талап етуде. Менің Еуразия одағын құру жөніндегі бастамам осыған бағытталған. Оны қалыптастырудың жобасы таяуда баспасөзде жарияланды және ТМД-ның барлық мемлекеттер басшыларына жолданды. Оның негізгі ережелерін біздің парламенттің үйлестіру кеңесіне одан бұрын баяндап бергенмін.

Басқа мемлекеттер сияқты Қазақстан да осы идеяларды жүзеге асыруға мүдделі екендігін ешкім де теріске шығара алмайды. Экономикалық тұрғыдан алғанда шаруашылық байланыстарының жаппай бүлінуінің зардалтарын женуге болады. ТМД-ның онтүстік шептеріндегі тұрақсыздық аясында Еуразия одағын құру одаққа мүше барлық елдердің сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кепілі бола алар еді. Бұл әрбір мемлекеттің ішкі саяси тұрақтылығының қажетті шарттарының бірі. Соғыс құмылдарын тоқтатуды, экономикалық қоршауды және белгілі бір мемлекет тарапынан құғын-сүргін әрекеттерін тоқтатуды ұсыну Еуразиялық одаққа кірудің міндетті шарттарының бірі болуы төгін емес. Мемлекеттердің қорғаныс кеңістігі шенберіндегі бірлескен күш-жігері ықтимал мемлекетаралық және мемлекет ішіндегі жаңжалдардың алдын алу және өшірудің пәрменді тетігін жасауға мүмкіндік берген болатын. Осы мақсатпен ұлттық Қарулы Күштерді сақтай отырып, мемлекетаралық бейбітшіл құштерді құру ұсынылады.

Интеграцияның жаңа деңгейі қас-қағым сөтте жаңа мемлекеттердің шекараларымен бөлініп қалған көптеген адамдардың күн сайынғы проблемаларын шешуге мүмкіндік береді. Әдеттегі адами байланыстарды қалпына келтіру, бір кездері бұрынғы елдің біртұтас кеңістігіндегі адамдардың өмірін жарасынды ету – осының бәрі сайып келгенде терең ізгілікті мақсатқа ие. Менің бастамамның басты мәні де осында.

Еуразиялық одақ идеясын оған енгізілетін ықтимал түзетулерді ескере отырып, жүзеге асыру кезінде біздің халықтарымыз жалпы әлемдік интеграциялық процестер арнасына табиғи түрде енер еді. Мұның өзі елдер мен халықтарды біріктірудің өркениетті жолы болар еді.

Еуразиялық одақ түрінде Совет Одағын қалпына келтіру әрекеті жасалып жүр-міс, деген өсек-аяң мүлдем негізсіз. КСРО екі өзекті жотада – жоспарлы экономика мен тоталитарлық жүйеде жасалған болатын. Қазір оның екеуі де талқандалды. Ал нарық пен демократия негізінде алпауыт-мемлекет, империя-мемлекет, ешқандай бой түзей алмақ емес. Ендеше осындағы үрейлер мен құрсіністердің бәрі бос нәрсе.

ТМД-да болып жатқан нәрселерді ескере отырып, парламенттегілер мемлекетаралық қатынастар проблемаларынан шет қалмауға тиіс. Біздің парламент бұл міндеттің өз қызметіндегі өзекті бағыт болуын ойластыруы қажет.

Тағы да бір маңызды тақырыпқа тоқталғым келеді. Өңгіме Отанның қынын, тарихи бетбұрысты кезеңінде оның тағдыры үшін өкімет орындарының қандай қызмет атқарсақ та біздің әрқайсымыздың асқан жауапкершілігіміз жайында болып отыр. Ең алдымен бізде өкімет Конституцияға сәйкес – біреу екенін атап көрсетемін, оның заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтары бар екенін айқын түсінуге тиіспіз. Бұл, қазақтар айттындағы: "Бәйгеге қосарыңа жүк артпа, жүк артарынды бәйгеге қоспа" дегенді білдірмейді. Әйтсе де осы ежелгі нақылда және халық кеменгерлігінде өзінің терең мәні бар. Оны кей-кейде еске алып отыру артықтық етпейді.

Өкінішке қарай, кең тарап кеткен аксиома бойынша біз әлі күнге дейін өкімет билігін бірінші, екінші, үшінші, төртінші деп бөлумен келеміз. Осыдан келіп бұлдыр жауапкерлік, өзара өкпе-наз туып, кінәлілерді іздестіріп жатамыз, бұл ешқашан да жақсылыққа жеткізген емес. Сондықтан осындай "нөмірлі" қысынмен журе беретін болсақ, онда қыыншылықтан арыла алмаймыз, оны барған сайын күрделілендіріп, халықты жаңа жоқшылықтарға душар етеміз. Тек бір мақсатқа қатаң бағдар ұстай отырып, барлық өкіметтік құрылымдардың іс-әрекеттерінің үйлесімділігін қамтамасыз ете отырып, біз алдымызға қойылған міндеттерді орындашынан шыға алтынымызға көміл сенімдімін.

Президенттен бастайын. Бүкіл халық сайлаған мемлекет басшысы ретінде мен елде болып жатқан нәрселердің бәріне жауап беремін. Конституцияны сақтау кепілі бола отырып, азаматтардың онда көзделген құқықтары мен бостандықтарының кепілі бола отырып, мен бар күшімді өкімет билігінің барлық тармақтарының айқын өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін жұмсап келемін және жұмсай беретін боламын. Өкімет билігінің барлық тармақтары өздеріне тапсырылған іс үшін халық алдында толық жауап беретіндей, істі осылай етіп қою ниетіндемін.

Бірақ мениң елдің экономикалық өміріне қатысуым сапалық түрғыдан жаңа нысандарда көрінетін болады. Ең алдымен Президенттің заң шығару бастамалары арқылы көрінеді. Бұл жылға ондай бастамалар айқындалды. Белгіленген график бойынша заң жобасының пакеттері өзірленіп жатыр. Жоғарғы Кеңес президенттік республика талаптарына қолайлы тұрақты жұмыс жасайтын кәсіби парламент тұжырымдамасын іс жүзіне асыруы қажет деп есептеймін. Қазақстанда жүргізіліп жатқан заң шығару саясатының мұдделеріне екі палаталы парламенттік құрылым барынша жауап береді деген үлкен сенімдемін. Бұл ведомствоның немесе аймақтық қызметкесі, ал кей жағдайда белгілі бір жоғары лауазымды чиновниктің мұддесіне арнап жазылған шикі піскен заңдарды қабылдаудың қатып, семген тәжірибесінен арылуға мүмкіндік береді. Әрине, мұнымен қатар заң шығару қызметінде популизм көріністері де тыйылады. Бұл жағдайда мемлекеттік те, аймақтық та мұдделер жарасымды үйлесім табатын жағдай туады деп айтуда толық негіз бар.

Екі палаталы парламент құрылымы кезінде белгілі бір дәрежеде бүкіл заң шығару процесінің қыындаитыны да сөзсіз. Алайда мұны жақсы фактор деп бағалаған жөн. Заңдарды қабылдаудың алдында міндетті түрде қоғамның жағдайы мен дамуы, басқа елдердің заң шығару тәжірибесі терең де салиқалы түрде талданады.

Бұл контексте кейбір мемлекеттік органдардың мәртебесі мен өкілеттін түзету оларды құрумен бағыныштылық схемаларының мәселеі шығады. Белгілі бір дәрежеде Президенттің мемлекеттік билік тармақтарының өз іс-

әрекеттеріне жауапты және бұған қоса төрелік қызмет тапсырылған мемлекет басшысы ретіндегі консультациялық өкілеттің нақтылау қажет болады. Сондықтан да Президент импичменті мен оның парламент қызметін тоқтату құқығы туралы мәселелерге қайта оралу дұрыс болар еді.

Мұнан әрі, іс жүзіндегі заңдар сыйндарлы түзетулерді қажет етіп отыр. Мұндағы айтылып отырған жағдай олардағы керекарлықтар мен айқын анахронизмді жою. Практика біздің заңдарымызда экономикалық ортаға сәйкес емес, әдейі де, сондай-ақ де-факто кездесіп отырған қағидалар мен нормалар шектен тыс көп екенін ашып отыр. Бұл туралы көп айтылып жүр. Сонын ішінде парламентте де көп айтылуда. Бұл проблеманы практикалық жұмыс арнасына қоятын кез жетті. Мемлекеттің құқықтық әрекетінің тиімділігін ғана емес, заң шығарушы өкіметтің беделін төмендететін заңдағы бүкіл жалған дәлелдеулерден арылуы қажет.

Және де, сайып келгенде, барлық заң шығару блогын реформалауға кешенді және өзара келісімді сипат беру керек, білім немесе денсаулық сақтау, кәсіпкерлік немесе халықты өлеуметтік қорғау заңдардың қайсындағы болмасын қағидалар салықтық немесе банктік заңдарға сәйкес болуы керек. Мәселен ауылды, селоны және агроенеркесіп кешенін қолдау туралы заңға орындалуы мүмкін емес қаншама нәрсе енгізілген, сондықтан да заң түкке аспады. Біздің заңдарымызда жалпы былық өте көп. Бір заң кейде екінші заңмен үйлеспейтіні билай тұрсын, тіпті қайши келіп жатады.

Осыланысты парламент заң шығару қызметінде реформаны жүргізу мен тереңдегу жөніндегі жалпы мемлекеттік стратегиядан туындастын бағдарлы нысананы ұстануы тиіс деп есептеймін. Заң шығару процесінің нақты, тиімді технологиясын дайындау керек, қажет болған жағдайда міндетті түрде сақталуға тиісті қатаң регламент орнатылуы керек.

Заң актілерінің барлық жобаларын, Жоғарғы Кеңестің қарауына Министрлер кабинеті дайындал енгізетін тәртіп болуы керек. Бұл орайда заң шығару бастамашылдығының құқығы барлардан ол алынбайды. Жоғарғы Кеңес комитеттері сараптама жасап, сонан соң бұл актілерді сессияның қарауына береді.

Мұндағы принцип бұрында болған дерсіздер. Иә, бірақ онда негізгісі болмаған еді. Ал бұл негізгінің сырты мынада: заң жобасына жан-жақты мүқият өзірленген барлық тұтқалары заңға қатысты актілер мен басқа да нормативтік құжаттардың жобалары, ұйымдық құрылым, құқықтық, экономикалық және осы заңды қорғайтын фискалдық шаралар мен тағы басқалар жөніндегі тұтқалар қоса көрсетілуі қажет.

Әрине, бұл үкіметке көп салмақ жүктейді және жұмысқа сан түрлі саладағы мамандарды тартуды қажет етеді. Бірақ бұл іс үшін қажет. Тек белгілі бір заңды қабылдан енгізгеннен кейін ғана оны орындастын барлық мемле-

кеттік мәшине бірдей сәтте кешенді түрде іске қосылады, заңдар тоқтаусыз өз рөлі мен қызметін атқара бастайды.

Сот билігі бойынша. Үстіміздегі жылдың өзінде-ақ бізде оның бүтіндей және тұбекейлі реформасын жүргізу қажет. Соттарды жалпы және арбитраждық деп бөлуден бас тартып, соттардың ауыстырылмау принципін заңды тұрғыдан бекіту және сонымен бірге оларды әділ қазылық жасауға қабиlettesіз болған жағдайда қызметінен босату нормасын енгізу қажет. Сонымен бірге судьяның жоғары мөртебесімен сыйыспайтын іс-қымылдары үшін де босату нормасын енгізу керек. Бұл үшін, сондай-ақ соттарды ұйымдық жағынан нығайту үшін, біз Президенттің жаңынан Жоғары сот кеңесін құруға келуге тиіспіз. Оның ұсынысы бойынша, атап айтқанда, судья қызметіне кірісудің процедурасы өтетін болады.

Атқару өкіметі хакында әңгіме ерекше. Үкімет алдында тұрған міндеттерге жеке-жеке тоқталудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Жолдауда көзделген бағыттар мен шаралардың басым көлшілігін оның жүзеге асыруына тұра келеді. Оған барлық жұмыстардың негізгі салмағы түседі. Бұл құнделікті ауыр және көп жағдайда алғысы жоқ істер. Қалай болғанда да бұл оның жүгі, сондықтан оны сүйреуі тиіс.

Ал, бүгін үкіметті сынауға қатысты мәселеде әсіресе, жалқаудан бас-қаларының бәрі қатысты. Сынның бүкіл сан-салалы ауқымына қарамастан, іс жүзінде ол бір ғана платформаға негізделді: ол атқарушы өкіметтің жүргізіп отырған бағыты қате-міс. Дұрыс бағыт таңдау жөніндегі ұсыныстар жағдайы мәз емес. Оның үстіне ұсыныстар да ой тереңдігімен, сындарлы идеялардың көптігімен ерекшелене қойған жоқ. Олардың мәні көп жағдайда өзіндік алмастыруларға келіп жатты: бағаның жіберілуі жаман, демек реттелетін баға қажет; теңгенің бағамы төмендереп кетті, демек оның өзгермелік бағамын тұрақтыға ауыстыру қажет. Тағы да сондай ұсыныстар.

Сондықтан үкімет менің тапсырмам бойынша дағдарысқа қарсы шаралардың жаңғыртылған бағдарламасын өзірледі, ол сіздерге баяндалады. Мен оны ең жылқ арада бекітуім керек.

Үкімет өзінің бүкіл қызметін сындарлы түрде қайта құрғалы отыр, оған сену керек, оның жұмысына да қатаң да жүйелі бақылау қою керек, қажет болса іс барысында түзетіп, қажетті көмек көрсету керек.

Министрлер кабинеті аталған бағдарламаны талдап жасау кезінде құрылған пікірлестер командасы болуға тиіс. Бұл команда толығымен және оның экономикалық үйіткышы бірінші кезекте өз идеяларының енгізілуіне жауапты. Ол Президенттен, парламенттен және халықтан, айтальық 15 айға, өз бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде "карт-бланш" алуы керек.

Ал осы уақыттың ішінде менің де, Парламенттің де, Министрлер кабинеті мүшеслерінің де өз міндеттемелерін орындауға байланысты жауапкершілік тұтқалары мен шараларын өзірлеуге уақыты болар деп ойлаймын.

Біз оқиғалардың тосыннан белең алуын күтпей, жинақтап айтқанда, реформаларды жақтастындардың коалициясын бірден құруға кірісуіміз кепек дегенді қайталап айтпақпын. Одан мен үкіметтің барлық тармақтары мен сындарлы іс-қимылтын жасап жатқан қоғамдық саяси күштерді көріп отырмын. Осылай, тек осылайша ғана біз Қазақстанды XXI ғасырдағы өркениетті мемлекетке, әлемдік қоғамдастыққа, тең құқықты да лайықты серіктеске айналдырудың үзак мерзімді нысаналы бағдарламасын жүзеге асырудың тұрақты негізін құра аламыз.

Сөзімнің қорытындысында Президент Джон Кеннедидің кезінде Америка халқына айтқан: "Еліңіз сіз үшін не істей алады деп сұрамаңыз, одан да өзінізден еліңіз үшін не істей алатыныңызды сұраңыз" – деген сөзін айтқым келеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТИ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСКЕ ЖОЛДАУЫ*

Алматы, 9 маусым 1994 жыл

НАРЫҚТЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУЛАРДЫ ЖЕДЕЛДЕТУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ Дағдарыстар Шығу Шарапары туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының (10-бөлігінің 78-бабы) негізінде Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне осы Жолдауын жіберіп отыр.

Жолдауда елдің ішкі ахуалы мен Қазақстанның сыртқы саяси жағдайына, қайта құру процестерін жүзеге асыру, әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізу барысына, жоғары мемлекеттік өкімет органдарының нарықтық экономикалық, демократиялық мемлекет орнатудағы стратегиялық бағытты жүзеге асыру жөніндегі қызметіне саяси баға беріліп отыр.

Жолдауда экономикалық, әлеуметтік және қоғамдық өмірдің барлық аясында реформаларды дәйекті жүргізу, Қазақстанның мемлекеттігін және оны мекендейтін барлық халықтардың қоғамдық-саяси бірлігін нығайту саласындағы мемлекеттік саясаттың өзекті бағыттары айқындалған. Саяси және экономикалық мақсат тұжырымдалған, өкімет пен басқару органдарының алдына қайта құрудың келесі жаңа кезеңінде осы мақсатқа жету міндеттері қойылған.

Бұл Жолдау мемлекеттік биліктің барлық тармақтары мен қоғамның барлық күштерін топтастыруға, барлық саяси партиялардың, қозғалыстар мен бірлестіктердің күш-жігерін, мемлекеттің барша оңды әлеуетін ұлттың алдында тұрган басты міндетті – елді терең дағдарыстан шығару, реформаларды одан әрі тереңдете түсіп, демократияны қалыптастыру, Қазақстан Республикасының егемендігін нығайта беру міндеттін шешүге жұмылдыруға бағытталып отыр.

* Назарбаев Н. Реформаларды түбебейлендіру, жалпыұлттық келісім арқылы – Жаңарған Қазақстанға. – Алматы: Қазақстан, 1994. - 64 бет.

I. РЕФОРМАЛАР БАРЫСЫНЫҢ ЖӘНЕ ЕЛДІН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАҒАСЫ

1. Осыдан екі жылдан сәл астам уақыт бұрын ТМД-ның басқа елдері сияқты Қазақстан да экономикалық қатынастарды реформалаудың түбегейлі шараларын жүзеге асыруға кіріспі, өміршіл экономиканы нарықтық экономикаға айналдыру жолында едөүір ілгері басты. Есکі жүйенің негіздері қазірдің өзінде бөлшектелді, ал қайта құру процесі шын мәнінде көрі кетпейтін сипатқа ие болды.

Мәжбүр ету құрылымы мен өндірісті үйымдастыру, ресурстарды, материалдық игілік пен еңбекті орталықтандырып бөлу жүйесі бөлшектелді.

Бағаны пәрменмен белгілеуден едөүір дәрежеде нарықтың сұранысын бейнелейтін еркін түзілетін баға жүйесіне көшу, негізінен, жүзеге асырылды. Әлеуметтік маңызды тауарлар мен көрсетілетін қызметтің шағын тізбесі ғана мемлекеттік тұрғыдан тікелей реттеліп отыр. Мұның өзі сақталатын болады.

Материалдық өндіріс пен қызмет көрсету салаларында еңбекақы мөлшеріне мемлекеттік шектеу алынды.

Сыртқы саудадағы "темір перде" жойылды, ол едөүір деңгейде монополиясыздандырылды. Елдің экономикасына қосылып жатқан шетел инвестициялары ұдайы өсіп келеді.

Өркениетті стандарттарға жуықтату мақсатында бюджет пен банк жүйесінің түбірлі реформасы одан әрі жүргізілуде.

Валюта мен несиелік капитал нарығы жедел қалыптасып келеді, еңбек пен тұрғын үй нарығы да өзі ауқымын кеңейте түсуде.

Меншік қатынастарының реформасы да одан әрі жалғастырылып келеді. Қазіргі кезде мемлекет иелігінен алу процесі қауырт жүріп жатыр және мемлекет кәсіпорындарын одан әрі жекешелендіруге қажет жағдайлар әзірленуде.

Жеке меншік институты да барған сайын өзінің нақтылы бейнесін тауып, экономикалық қатынастар саласында және қоғамдақ салада күннен-күнге мемлекеттік меншікпен бірдей тең құқықтар алып отыр.

Еліміздің заңдары да нарықтық экономика мен демократия принциптерін орнықтыру бағытында айтартықтай өзгерістерге ұшырады.

Экономикадағы және қоғамдағы түбегейлі қайта түлеулер уақыты жағынан егемендік алуымызben, мемлекеттігіміздің қалыптасуымен, өкімет пен басқаруды реформалаумен тұспа-тұс келді.

Елдің жаңа жағдайын парықтау, стратегиялық пайымды қалыптастыру, ұлттық мұдделер мен мемлекеттік басымдықтарды түйсіну процесі жүріп жатыр. Жалпыодақтық мүліктің бөлісі іс жүзінде аяқталды, Қазақстанның ұлттық байлығының ауқымы айқындалды, өзіміздің алтын-валюта резервтерімізді жинақтау процесі жүріп жатыр.

Ұлттық валюта – тенгенің енгізілуі арқылы еліміздің экономикалық тәуелсіздігіне қол жеткізу, оның қаржы-кредит жүйесін реформалаудағы негайбылдықты жою бағытында аса ірі қадам жасалды. Дәл осы сәттен бастап үкімет пен Ұлттық банктың экономикадағы істің жайы үшін дербестігі мен жауапкершілігі туралы әңгіме қозғауға болады.

Атқарушы билік жүйесі түбірінен өзгерді. Мемлекет тарихында тұңғыш рет президенттік институт құрылды. Үкіметте нарықтық реформаларды жүзеге асыруға қажет жаңа мемлекеттік басқару органдары құрылды. Керісінше, қажеті болмай қалған, тіпті кей кезде түлеу процестерін тежейтін құрылымдар таратылды.

Мемлекеттік қалыптасу мен нарықтық реформаларды Жоғарғы Қенес заңдық тұрғыдан қамтамасыз етті, оның құрылымы мен қызметі де принциптік тұрғыдан жаңа сипатқа ие болды.

Сот жүйесі де елеулі өзгерістерге үшырады, оны реформалаусыз мемлекеттің жаңа заңдарының сақталуы мен орындалуын қамтамасыз ету, құқықтық қоғам құру мүмкін емес.

Елдің жаңа Конституциясының қабылдануы қоғамның өзгерістерге, азаматтардың саяси және экономикалық бостандығына деген ерік-жігерін түлкілікті құқықтық тиянақтауды паш етті.

Бүгінгі күні Қазақстан бұрынғыдай халықаралық қатынастардың жас-қаншақ, көпшілікке беймәлім субъектісі емес. Біздің жас мемлекетіміз өлемдік қауымдастықта өзінің геосаяси жағдайына, аса бай ресурстық әлеуетіне, ұлы державалар мен көршілігіне және білім деңгейі биік халқының сан түрлі этникалық құрамына сәйкес тұрақты орын алу үшін серпінді жұмыс істеуде.

Халықтың, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мемлекеттік институттардың нарық жағдайындағы тіршілікке бейімделуі жүріп жатыр, адамдардың санасы мен сезім жүйесінде терең өзгерістер болып, игіліктер қайта бағалануда.

2. Қазіргі кезде Қазақстан өзінің ауыртпалығы жағынан айрықша тарихи кезеңді бастан кешіруде. Оның айрықшалығы мынада болып отыр, біз қылы себепті объективті сипаты бар аса ауыр экономикалық және әлеуметтік дағдарысқа тап болдық.

Біріншіден, дағдарыс – нарықтық экономикамен біте қайнасып жатқан құбылыс. Дамудың нарықтық үлгісіндегі барлық дамыған елдер әлсін-әлі және қазірдің өзінде де дағдарыстың қандай да бір нысандарын бастан кешіріп отырады. Оның ауыртпалығын женілдетуге және зардаптарын азайтуға, одан шығудың қарқының жеделдетуге болады, бірақ өзірге дағдарыстан олардың ешқайсысы құтылған емес. Біз өзіміздің экономикалық жолымыздың басын, өкінішке орай, дағдарыстық сәттен бастадық.

Екіншіден, Қазақстан экономиканы басқарудың түгесіліп біткен әкімгерлік әдістерінің дерпттері асқындырған дағдарысты ауыр көріністері айқын біліне бастаған кезде егемендікке ие болып, дербес дамуға бағыт алған еді.

Үшіншіден, біз басымыздан кешіріп отырған дағдарыс бұрынғы экономикалық жүйенің ыдырауының және сапалық түрғыдан жаңа жүйені қалыптастыру қажеттігінің тумасы.

Мемлекеттің өндіріс, өнімді бөлу мен тұтыну процестерінің бәріне әкімгершілік араласу міндеттерін атқарудан күрт бас тартуы бұрынғы экономиканың мейлінше дәрменсіздігін, оның жаңа құндылықтармен және тиімділік түсінігімен сыйыспайтындығын бірден айқын көрсетіп берді, әрі оның құрылымындағы рабайсыз үйлесімсіздіктерді бар бедерімен бейнеледі.

Жаңа экономика, оның нарыққа бағдарлануы Қазақстанның ұлттық мұддесін қамтамасыз ету үшін толып жатқан кәсіпорындар мен ірі өндірістердің керек еместігін бірден көрсетті. Тұтас салалар мен шағын салалар: жекелеген өндіруші, металлургия мен мәшине жасау өндірістері, химия мен мұнай-химия өнеркәсібі, құрылымы материалдары өнеркәсібі және басқалары экономикадағы баяғыдағы баянды әрі бұлжымастай көрінген орнынан айырылды.

Телекоммуникациялар жүйесінің әбден артта қалғаны, көлік пен байланыстың іс жүзінде барлық дерлік түрлерінің, сыртқырынокқа шығатын сауда жолдарының, тауарлар, капитал мен жұмыс күшін әкелу мен әкетуге арналған арналардың тұралағаны да айқын білінді.

КСРО-ның ыдырауы экономикадағы дағдарыстың ушығуының негізгі себептерінің бірі болды. Егемендік алған кезде Қазақстанның экономикасы Одақтың тұтас та мызғымас экономикасының өзіне тән оқшау міндетін орындаитын бір "тілімі" ғана болатын.

Біз мұраға біртұтас жалпы одақтық халық шаруашылығы кешенінің бір бөлігін, шын мәнісін айтқанда, КСРО құрамындағы аймақтық еңбек бөлінісінің империялық коммунистік идеологиясын айқын бейнелейтін экономикалық "адуын абақтыны" алып қалдық. Оның құрамында мүлде далиған, дамыған өндіруші әрі аграрлық-шикізат секторы бар, құрылымы сансыратарлық, өз халқының мұқтажы мен қажетінен басқаның бәріне бағдарланған Қазақстан аталатын "арал да" бар еді. Өзі сияқты осындаи "аралдардың" қажетін қамтамасыз ете отырып, Қазақстан болса, олардың есебінен орталықтың еркінің ығытымен өз сұранысының да басым бөлігін қанағаттандырып отырды.

Қазақстан экономикасы одақтық бюджеттен бөлінетін субвенциялар мен дотациялар түріндегі (КСРО өмір сүрген соңғы жылы бұлар республикалық бюджетінің 6,1 бөлегін құрады), сондай-ақ қаржы ресурстарының ведомстволық көздері сияқты бұрынғы қорек беруші ортадан айырыл-

ды. Әсіреке ведомстволық көздердің болмауы бұрын одақтық бағынастырылар деп аталып келген әрі республика өндірісінің жалпы көлемінің 90 процентінен астамын алып келген салалар мен көсіпорындарға ауыр тиді. Оған қоса мемлекеттің индустриялық негізін құрап келген өндіруші өндірістердің бәрі капиталды барынша қажетсінетін өндірістер еді, олар шикізат базасын қолдау мен кеңейтуге, сондай-ақ бюджет-кредит жәрдеміне барынша ділгер болатын.

Жас мемлекетіміздің інінен мұлде теңдестірлмеген сауда балансы, әсіреке Ресеймен арадағы сауда балансы үлкен ауыртпалық салды. 1990 жылы республикаға 18 миллиард сомның (сол кезеңнің бағасы) өнімі әкеleiңсе, әкетілген өнім екі есе кем болды. Бұл теріс сальдо енді елдің мемлекеттік қарызына жатқызылып, мемлекеттік бюджеттің шығыстарын молайтып, ауырлата түсті.

Нарықтың ашықтығы және энергия көздері бағасының әлемдік бағаға жуықтауы жағдайында шиеленіскең қаржы ахуалы кезінде Қазақстанда өнімнің жекелеген түрлері: ет, фосфор, минерал тынайтқыштары, тракторлар, цемент және басқа бірсыныра тауарлар артық өндірілді.

Қазақстанның өнім өткізу рыногы ТМД кеңістігінде ғана шектеліп қалды, ал сыртқы тұтынушылар да, ішкі тұтынушылар да өнімнің саны мен сапалық көрсеткіштеріне де, бағасына да, басқа да сипаттамаларына да барынша талғампаздықпен қарап, ірітейтін болды. Бұрынғы стратегиялық маңызды кейбір өнім түрлерін өндіру көлемі елдің ішкі қажетінен едәуір артық. Ал Қазақстанның тыс жерлерде сапалық сипаттамаларына байланысты, сондай-ақ сыртқы рынокта сауда жасаудың жинақталған тәжірибесінің болмауы себепті бұларға тұрақты әрі рентабельді сұраныс болмай отыр.

Нарықтың экономикада тезірек бағдарын тауып, қайта құрылуға қабілетті көсіпорындар ғана өмір сүре алады. Егер өнімдеріне тұрақты да рентабельді сұраныс болмаса, карьерлер, шахталар, байыту фабрикалары мен зауыттар өз орындарын таба алмай, банкротқа ұшырайды.

Егер тиімсіз өндірістердің тұтас бір тобы жабылатын болса, бұдан елдің экономикасы мен халқы ештеңеден ұтылмайды. Басты назар адамдарды жұмысқа орналастыруға және олардың әлеуетін тиімді пайдалануға, олардың мемлекеттік бюджетке қарап қалмай, жаңа жұмыс орындарында өз игиліктерін өздерінің қамтамасыз етуіне аударылуға тиіс. Оған қоса, бұдан ұтаратымыз да даусыз, өйткені бүгін көпе-көрінеу шығынмен жұмыс істеп отырған көсіпорындардың тіршілігін жасанды түрде ұзартуға жеңілдікті кредит беру және оның мерзімін ұзарту, төмен тарифтер мен басқа да әртүрлі айлашарғы түрінде жұмсалып жатқан қаржы босайды.

Ауыл шаруашылығында қазір біз қажетті селекция жургізбей, әрі қымбат жем жұмсап, тиімсіз мал шаруашылығын ұстап отырмыз. Еліміздің қажетінен артық көп мөлшерде астық өндірілетін жағдайда шыдамдылығы мей-

лінше төмен аса зор көлемде егістік жеріміз бар. Мұндай сеполық экономиканың тыңайтқышқа, гербицидтерге, ауылшаруашылық мәшинелеріне, егін жинауға, оны тасымалдауға және астықты ұқсатуға жыл сайын жалпы мөлшері 4 млрд. сомға жуық қаржы (1985 жылғы бағамен) және 100 млн. АҚШ доллары көлемінде орасан зор қаражат орталықтандырылып, жұмсалып отырған кезде Қазақстандаған өмір сүре алатын еди.

Қаржыландырудың дәстүрлі сыртқы көздерінен айырылған Қазақстан әуел бастан-ақ қатал қаржы дағдарысына ұшырады. Мұның өзі адамдарды мыйздың әлеуметтік қорғалуын өлсіретti.

Ақшаның құнсыздануымен, өндірістің құлдырауымен, теңгермешілік принциптерінен бас тартып, жеке меншік институттың орнықтыру жағдайында халықтың табысы жөнінен болмай қоймайтын жіктелуімен қабыса келіп, бұл тұтас алғанда, әсіресе кесімді табысы бар адамдардың тұрмыс деңгейінің төмендеуіне әкеліп соқтырады.

Мұндай ахуал барлық ТМД елдерінде орын алып отыр, өйткені олар жоғарыда аталып өткен негізгі себептерден туындаған осыған ұқсас дағдарыс процесін бастан кешіруде.

3. Еркіндік алған нарықтық күштер экономиканың іс жүзінде барлық арналары мен салаларында жаңа секторлар мен қызмет түрлерінің пайда болуын және олардың барған сайын белсене дамуын ынталандыруды. Экономикалық өмірдің жаңа субъектілерінің пайда болуы және жедел өсіу, олардың бұрыннан бос тұрған "сөрелер" мен қыыстарды иеленіп алуы экономиканы жаңа игіліктер, тиімділік пен сұраныс талаптарына сәйкестендіре бастады.

Бастапқы кезеңде жедел өсіп келе жатқан кәсіпкерлік сектордың күшкүаты, негізінен, еркін нарықтық қатынастарға неғұрлым икемді әрі жеке бизнес үшін тиімді айналым саласына ұмтылады. Бұрын экономикада негізсіз тар шенберде қалып келген сауда мен қызмет көрсету салалары қауырт дами бастады.

Мемлекеттік қаржы-кредит саласының мешеулігімен нарық жағдайында жұмыс істеуге әзір еместігін нарықтық күштер бірден айрықша сезіне білді. Мұның өзі жүйесіз болса да нарықтың жекеменшік банк, сақтандыру және басқа қаржы институттарының күрт дамуынан да көрініс тапты.

Экономиканың осындағы және басқа кейір салаларында нарықтық құрылымдардың серпінді түрде енүі, олардың қызметінің түрлері мен ауқымының үлғаюы барысында нарықтық экономиканың талаптарына сәйкес капитал мен жұмыс күшін қайта бөлісу, тауар ресурстарының неғұрлым еркін ауысу процесі басталды. Қазақстанның тұтыну нарығында сан жылдар бойы орын алып келген шиеленіс жағдай жойылды. Кәсіпкерлік сектор, бұрынғы "қаңыраған сөрелер экономикасының" олқылықтарын жойып, ішкі рыноктың кең көлемде тауарлармен және көрсетілетін қызмет түрлерімен молы-

ғуын қамтамасыз етті. Оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін қайта құру және дағдарыстық факторлар салдарынан олардың қызмет аясынан шығып қалған, сондай-ақ экономикамыздың түйіктығынан қазақстандық тұтынушылардың қолы жетпей келген түрлерімен молығуын қамтамасыз етті.

Қорлануына қарай қалыптасып жатқан сауда капиталы мемлекетті басқа салаларға, өндірістер мен кәсіпорындарға монопольді тапсырыс берушінің түфірынан ығыстыра бастады, сөйтіп, экономиканың әртүрлі саласында құрылымдық өзгерістерді тікелей немесе жанама түрде болсын ынталандырды.

Ескі, тиімсіз өндірістер мен тұтас қызмет салалары дағдарыс бетіне шығып, жалпы ішкі өнімге өндірісі процесінен шеттетіліп, өмір сүруін тоқтатуда. Жаңалары мен тиімділері сонша қысқа мерзімде қалыптасып, экономикада өзіне лайық жағдайға ие болуға және орын алған ысырап пен шығысын өтеуге үлгере алмай жатыр.

Бізде барлық салаларда бәсекеге төтеп беруге қабілетті кәсіпорындар бар. Дегенмен қатаң бәсеке күресінде олардың дамуы мен төтеп беруі үшін ірі инвестициялар қажет. Тек сыртқы емес, сонымен қатар ішкі инвестиациялар да керек. Алайда нендей бір ұзақ мерзімді шығын, егер инфляция тым болмаса 10 проценттен аспайтын деңгейде болған жағдайда ғана жасалуы мүмкін. Яғни мәселенің түйіні экономиканы жалпы қаржы жағынан сауықтыруда жатыр. Сонда ғана ішкі инвестиация жасау мүмкін болады, халықтың қорлануға деген ынталасы пайда болады, өндірістің өсуі мен жаңғыруы басталады. Бұл үшін, бәрімізге ауыр тигенімен, Ұлттық банктің қатаң қаржы саясаты қажет. Мұның басқадай баламасы жоқ.

4. Мемлекеттің нарықтық экономикаға көшу жөнінде жүргізіп отырған саясатының және іс жүзіндегі қызметінің тиімділігі, объективті тежеу факторларынан басқа, қолданылған шаралар мен қабылданған шешімдердің дәйексіздігі, ал жекелеген реттерде жете ойластырылмауы, іс-қимыл тактикасындағы ағаттықтардың салдарынан да төмен болып отыр.

Ескі жүйенің жекелеген элементтерінің әлі де бар екені, ал жаңа экономика өркендерінің әлсіздігі, бұлардың нарықтық кінәратсыз негіздеріне нәр бермейтін, қайта оларды уландыратын ескі негіздердің қираган орнында өзіне жол салуға тиіс екені ескерілмеді.

Мемлекеттік әкімет пен басқару органдары бағдарламалар мен ой-пікірлердің жүзеге асырылуын, іс-әрекеттің бірлігі мен қосарластығын, бағдарламалық міндеттердің дәйектілігін әрі толығымен жүзеге асырылуын әрдайым қамтамасыз ете алмады.

Тұрақты жұмыс істейтін парламент болмаған соң, бұрынғы заң шығарушы орган өтіп жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық процестің серпініне ілесе алмады. Қабылданған заңдар, ал олар үш жүзге жуық болды,

әрдайым бірдей сапалы болған жоқ, өйткені асығыс әзірленді және тиісті сұнақтан өткізілмеді. Жаппай заң шығару белең алды, депутаттар көбінесе "дауыс беру мәшинесінің" міндетін атқарумен шектелді. Оның бер жағында мемлекеттік және экономикалық өмірдің кейбір көкейкесті проблемалары бойынша парламентке енгізілген заң актілерінің жобалары негізсіз қаралмай қала берді. Солардың қатарына парламенттің бекітуіне екі жыл бұрын ұсынылған құқықтық реформа бағдарламасын жатқызуға болады. Оның уақытылы қабылдануы осы уақыттың ішінде бұл салада едәуір ілгері басуымызға көмектесіп, конституциялық реформаға байланысты проблеманың бүгінгі таңдағы өткірлігіне жол бермеуге көмектескен болар еді.

Шындығына сайсақ, бұрынғы Жоғарғы Кеңес, бұл сөздің толық мәніндегі парламент бола алмады, өйткені оның бойында тарих пен жаңа өмір тегеуірінің шыдай алмай, өткенге кеткен бұрынғы кеңестердің толық билікті бірыңғай жүйесінің сыйзы жатқан еді.

Банк жүйесі жаңа жағдайларда жұмыс істеуге мүлде дайын болмай шықты. Іс жүзінде банк қызметінің реттеусіз кеңінен ырықтандырылуы, коммерциялық банктердің іс-қимылына шектеусіз еркіндік берілуі заңдық базаның жетік еместігімен және мемлекеттің бүкіл қаржы-кредит жүйесінің нарықтың принциптері мен шарттарына дайын болмауымен қосыла келіп, теріс нәтижелер басым болатын жағдайға әкеп соқтырды. Банк жүйесін реформалаудың артта қалуы өндірісті нарық жағдайында жұмыс істеуге бейімдеуді, оны көп салалы етуді және тұтас алғанда нарықтық күштердің дамуын тәжеп отыр.

Монополияға қарсы саясат пен бәсеке саясаты да біршама әлсіз әрі босаң болып отыр. Жеке кәсіпкерліктің күш-куаты шындал ашылмаған қалпында қалып келеді. Мұнда да Ұлттық банкпен болған ахуал сияқты, тиісті мемлекеттік институттарды қалыптастырып, олардың мәртебесін белгілеудегі дәйексіздік әрі жаңадан құрылған органдарды заңдық тұрғыдан қамтамасыз етудегі кемшиліктер мен олардың жұмысының тиімділігінің төмендігі ықпал етпей қойған жоқ.

Үкімет реформаларды жүргізуге және экономиканы тұрақтандыруға объективті жағдайлар мен басқа да сыртқы факторлардың ықпалын әлсірету үшін мүмкін болғаның бәрін тіпті де істей алмады. Үкімет осы мақсаттарға, сондай-ақ нарықтың өзгерістерді неғұрлым белсенді әрі мақсаткерлікпен жүзеге асыру үшін өзіне берілген өкілеттікі нашар пайдаланды, мемлекеттік басқару органдарының келісілген жұмысын тиісті дәрежеде жолға қоя алмады.

Үкіметтің экономиканы реформалауда бір орнынан жылжи алмауы, көптең көкейкесті және мерзімі өтіп кеткен проблемаларды шешуді кешіктіруі оның созылмалы науқасы болып отыр.

Өтем дағдарысына тепе-төң келерлік іс-әрекет жоқ. Қесіпорындарды оңалту және банкроттық механизмі талдап жасалмаған, салық саясаты мен практикасы және басқалары жақсартуды талап етеді. Осылардың салдары ретінде микроденгейдегі қаржы саясаты макроэкономика саясатынан көпе-көрінеу артта қалып келеді.

Үкімет бағалы қағаздар нарығын қалыптастыруды, сақтандыру ісін түбегейлі реформалауды, тұтас алғанда өркениетті нарықтық инфрақұрылымды жасау ісін кешіктіріп алды. Мемлекет иелігінен алу, мемлекет меншігі мен мемлекеттік қесіпорындарды басқару мен оларда билік жүргізу практикасында жинақталып қалған елеулі проблемалар аз емес. Бұлар көп ретте өзінің білікті шешімін ала алған жоқ.

Әзірge агроенеркәсіп қешенінің реформасында, білім беру, денсаулық сақтау мен өндірістік емес басқа да салаларда мемлекеттік емес секторды дамытуда серпінділік пен тиімді көзқарас жоқ. Кейде бұған қарсы әрекет те жасалады.

Әлі күнге дейін, әсіресе, қесіпорындарды селекциялау, әрбір қосалқы сала мен ірі өндірісті дамытудың келешегін анықтау әдістеріне қатысты бөлігінде өнеркәсіп саясаты талдап жасалмаған.

Жаңа экономика үшін кадрлар даярлау мейлінше қанағаттанғысыз, ойластырылған бағдарламасыз әрі кең ауқымсыз жүргізілуде. Статистика мен есепті нарықтық жүйеге бейімдеу баяу жүргізілуде.

Қоғамның назарын биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтарының қызметіне шоғырландыру сот билігі қызметінің мәселесін негізсіз көле-гейлеп жіберді. Ал шындығына келгенде, осы соттар азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау тетігінің аса маңызды буыны болып табылады. Қазақстанда сот билігі әлі де өзін көрсете алған жоқ, дамыған демократия елдеріндегідей беделге ие бола алмай келеді.

Қылмыстық істерді қарастауда ондаған жылдар бойы үстем болып келген айыптаушылық бағыт ендігі жерде ақтаушы бағытпен алмастырыла бастады. Аса ауыр қылмыс бойынша соттардың көрінеу құлқи шақыратын үкім шығаратыны дағдылы құбылысқа айналды. Бұл әсте демократияның белгісі емес. Мемлекеттің күрделі дағдарыс кезеңінде азаматтардың құқығын қорғау мен қылмысқа қарсы құрес жөніндегі рөлі мен функциясының нашарлауы айқын білініп отыр. Азаматтық іс жүргізу, әсіресе төрелік істер жүргізу бойынша біртұтас практика жоқ.

Жоғарғы, жоғары төрелік және Конституциялық соттар арасындағы бой көрсетіп жүрген келіспеушіліктер сот билігінің беделін нығайтуға жәрдемдеспейді. Заң шығарушы, сондай-ақ атқарушы биліктің жекелеген шенеуніктерінің тарапынан соттарға қысым жасау қылмыстық және азаматтық істерді объективті түрде қарастауда жасауда. Соттарды қалыптастыру мен судьяларды тағайындаудың қолданылып жүрген тәртібі де өзін ақтамауда, соның салдарынан сот жұмысына көп ретте кездейсоқ адамдар алынады.

Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының, оның барлық тармақтарының қызметіндегі елеулі проблема тәртіптің төмендігі болып отыр. Барлық денгейлерде мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың, мемлекет шешімдерін орындаудың маңызды тұтқасы ретінде мінсіз жұмыс істейтін атқарушы тетіктер талдап жасалмаған. Бұқіл мемлекеттік аппарат бұрынғы оралымсыз бюрократтық мәшиненің көптеген элементтерін сақтап қалған. Сейте тұра жекелеген пайдалы жұмыс әдістері мен нысандары демократиялық алабұрту мен саяси өсіре сезімге берілу салдарынан оның арсеналынан негіzsіз шығарылып тасталды.

5. Жіберілген ағаттықтар мен қателіктерді мойындағы отырып, Қазақстан, оның саяси және мемлекеттік басшылығы бұқіл қоғаммен бірге принципті тұрғыда жаңа құбылыстарды танып-білу, игеру процесін бастан кешіріп, ғаламдық өзгерістерді сапар барысында жүзеге асырып жатқанын сезінү қажет. Егер қоғамдық-саяси жағдай тұрақсыз болса, еліміздегі жағдай бұдан анағұрлым нашар болатын еди. Әйтсе де саяси тұрлаулықты ұстап тұру экономикадағы жағдайға тікелей байланысты. Сондықтан да экономикалық реформаны тереңдету қазірдің өзінде саяси проблемага айналып отыр.

Осылан орай өткенге байыпты талдау жасап, баға беру ең алдымен өзара мін қойып айыптаусыз, кінәліні іздел, саяси айдар тағусыз бұдан былайғы іс-әрекеттің сындарлы саясатын салиқалы да байсалды талдап жасауға бағытталған.

Бастан кешіріп отырған сәт бұрынғы экономикалық құрылыш тұтас жүйе болудан қалып, бірақ жаңаның өркендері әлі бекі қоймауымен сипатталаады. Оларды қолдап, экономиканы тұрақтандырудың бірден-бір жолы бар – ол қайта құру қарқының еселей түсү. Бір орында тұра беруге әсте болмайды. Бұл жағдайды жеңілдетпейді, қайта қыыншылықты қүшейтіп, ұзартта түседі – былтырғы жыл мен биылғы жылдың басталуы мұны айқын көрсетті. Әлбетте мұнсыз да жүрер жолымыздың үлкен әрі қыын белігін өтуге тиіспіз. Жинақталған тәжірибеден дұрыс сабак алып, реформалар бағдарламасына түзетулер енгізу маңызды.

II. БАСТЫ ДӘЙЕКТЕМЕ

Бұдан былай не істеу керектігі және реформалардың негізгі бағдары жалпы алғанда белгілі. Бұл – мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру, инфляцияға қарсы тиімді саясат, бюджет тапшылығы мен төлем балансы тапшылығын мейлінше азайту, банкроттықтың, бағаны, сауданы ырықтандырудың, бәсекелік орта құрудың және т. б. қатаң тетіктері.

6. Елдің саяси басшылығының бүгінде алдында тұрған проблема, бұл: а) қолда бар ресурстар мен мүмкіндіктерге қарай: яғни өз күшімізге ғана

арқа сүйеп, әрі барынша шектеулерге, ең алдымен әлеуметтік саладағы шектеулерге барып, осы күнге дейінгідей әрі сондай қарқынмен реформалау саясатын жүргізу;

б) жалпы жағдаятты ескере отырып, өзгеше нәрсені таңдал алу, реформаны неғұрлым серлінді жүзеге асыру мен оның аса тиімділігін қамтамасыз ету үшін ағымдағы саясатқа елеулі тузетулер енгізу.

Осы кезге дейін бюджет тапшылығын азайту мен инфляцияны тежеу мақсатында салық базасын ұлғайту мен шығындарды шектеу саясаты жүргізіліп келді. Мұндай қаржы саясаты нарықтық қатынастарды неғұрлым тез қалыптастыруға ықпал етті, сонымен бір мезгілде әлеуметтік салада дағдарыс туғызды. Үстіміздегі жылдың бас кезі бұл салада жұмсалатын шығындарды қысқарту халық үшін мүлде қолайсыз шекке жеткенін көрсетті, ал мұның артында бірқатар салалардың құлдырауы мен ыдырауы түр.

Оның қаржылық тұтқаларын ретке келтірудің баламасыз жүргізілген монитарлық саясат мектеп құрылышын құрт қысқартуға әкеліп соқты. Мемлекеттік кесіпорындардың балансында болған білім беру объектілерінің жабылу процесі басталды, қазірдің өзінде осында 200-ден астам мектепке дейінгі балалар мекемелері жабылып отыр. Оқыту құралдары мен жабдықтарға арналған инвестициялар тоқтатылды. Мектеп асханаларында балаларға арналған тамақтандыру нормалары төмендеп кетті. Мұғалімдердің жалақысы нақтылы есептелуінде үздіксіз кеміп келеді, қазірдің өзінде мұғалімдердің 30 процентке жуығы өз жұмысын тастап кетті. Базалық білім беру жүйесінің жағдайы тұралау шегіне жетіп отыр.

Денсаулық сақтау ісінде де жағдай осындағы. Оны қаржыландыру нақтылы есептелуінде 40 процентке кеміген. Оның үстінен коммуналдық қызмет көрсетуге, дәрі-дәрмек алуға шығындар өсе түсуде. Жұмсалатын материалдар, жабдықтар мен жөндеу жұмыстары жөнінде ауыр жағдай қалыптасып отыр. Осының салдарынан көптеген мекемелер тұралап қалды. Жалақының төмен болуы мамандықтың беделін түсіріп, еңбекке деген ықыласты азайтты.

Қысқасы, егер оны қаржыландыруды ұлғайтуды қолға алмаса, әлеуметтік саладағы күйреу процесі бой бермейтін сипат алуы мүмкін. Екінши жағынан, валютаны тұрақтандырудың, экономиканы өрге бастыру үшін жағдай туғызудың негізі ретінде реформалардың көздерін жалғастыру, экономиканың тұтас секторларын жаңғыртудың өте-мөте қажеттілігі, ел ішінде жаңа тауар нарықтарын, ең алдымен тұргын үй нарығын қалыптастыру ісі мейлінше көп қаражат жұмсауды талап етеді.

Барлық болжамдар бойынша инфляцияны төмендетуге және ұлттық валютаны тұрақтандыруға бағытталған барынша қатал, тіпті тенденстірілген қаржылық-шектеу саясаты күтіліп отырған соң алға басу орнына көрінішке нәтиже бермек.

Жалпы ішкі өнімнің белгіленген 4-6 процент шегінде бюджет тапшылығын ұстап тұру мен инфляцияны ырыққа көндіру туралы байыпты әңгіме қозғау үшін кесіпорындардан салықтар алуды күрт көбейтуге және әлеуметтік бағдарламаларды да соншалық күрт сырғымдауға тұра келеді. Бірақ салық тегеурінін қүшету іскерлік белсенділікті тежеуге әкеліп соғады, кесіпорындарды салық төлеуден жалтаруға итермелейді.

Балама ресурстардың болмауы төлем жасамау проблемасын ойдағыдай шешуге мүмкіндік бермейді. Инфляциялық процестерді басу үшін банкроттықтың ен қатал нұсқасын қолдануға тұра келеді. Бірақ онда құлдырау мен жұмыссыздық күрт арта түседі, онсыз да әлсіз болып отырған тауар нарығы одан әрі төмендей береді, мұның өзі халықтың теңгеден бас тарту пигылын қүшете түседі, оның бағамы одан сайын төмендей береді. Қаражаттың жоқтығы халық үшін стратегиялық тауар – тұрғын үйді нарыққа жатпай шығаруға мүмкіндік бермейді, ол халықтың табысын, соның ішінде болашақтағы табысын "матауға" жағдай жасар еді.

Жұмыссыздық, жалақы төлеудегі кідіріс, халықтың нақтылы табысының төмендеуі әлсін әлі әлеуметтік наразылықтарға әкел соғатын болады, олардың қысымымен, сондай-ақ "арзан ақша" талап ететін салалық күш көрсетушілердің қысымымен үкімет көзделмеген үлкен шығындар жұмсауға және қосымша эмиссияға баруға мәжбүр болмақ. Сайып келгенде, өндірстің құлдырауына, жұмыссыздықтың артуына және теңге бағамының төмендеуіне қоса секірмелі рабайсыз инфляцияға тап боламыз, ал оның сөзсіз салдары ретінде – әлеуметтік бұлқыныс туады.

Сөйтіп, теңге енгізілген сәттен бастап оқиғалар осылайша дамып келеді. Осы бағытты одан әрі жалғастырған жағдайда өндірісті қайта жарақтандыру туралы, жалпы экономикалық жағдайдың нашарлауын оңалтуға қабілетті экономиканың жеке секторының айтарлықтай қалыптасуы туралы, стратегиялық сипаттағы міндеттерді шешу туралы әңгіме ету мүмкін емес.

7. Түзетілген көзқарастың мәнісі салық төлемегені үшін жауапкершілікті мейлінше қатайтып, жанама салықтардың тетігін реттеу мен жөнге келтіру кезінде занды және жеке тұлғаларға тікелей салықтың ауыртпалығын женілдетуге әкеліп саяды. Алғашқы кезде мұның өзі бюджет кірісін төмендетуге, алайда сонымен бір мезгілде іскерлік белсенділікті арттыруға және сонынан бюджетке жасалатын төлемдерді үлғайтуға қол жеткізеді.

Сонымен тұспа-тұс мемлекеттің шығыс бөлігін реформалау қажет: мазмұны жағынан үкіметтікі болып табылатын барлық шығыстар мемлекеттік бюджетке жатқызылып, ұлттық және коммерциялық банктердің, сондай-ақ кесіпорындардың бюджеттерінен алынуға тиіс: экономиканың жекелеген әлеуметтік тұстары, кем дегенде, әсіресе медицина мен білім беруге арналған шығындар, одан әрі кемітілмеуге, азайтылмауға тиіс; үкімет мемсектордың "науқас" бөлігін оңалту, "сай" бөлігін жаңғырту мен қайта жаңарту жөнінен,

жеке секторды қолдау, қазіргі нарықтық инфрақұрылымдарды күру жөнінен шығындар жасауға тиіс; мемлекет тұрғын үй нарығын жеделдете қалыптастыру мен дамыту, жаппай жаңа білім алу үшін "бастапқы капиталды" қалыптастыруға тиіс.

Бюджеттің өскелең тапшылығы инфляциялық емес көздерден – ішкі және сыртқы зайдар есебінен, ең бастысы кепілдік құқық негізінде қаржыландырылатындықтан мұндай көзқарастың инфляциялығы еңсеріледі. Сыртқы зайдар алудың нақтылы перспективалары бар. Бұл баға біздің бай табиғи ресурстарымызға, негізгі жәрдемші елдердің Қазақстанға сеніммен қарайтынына, едөүір дәрежеде біздің қоғамдық-саяси тұрақтылығынызға, алыс шет елдерге біздің ресми және жұмыс сапарларымыздың нәтижесіне негізделген, әлбетте бұл жерде біз жаңалық ашып отырған жоқпыш – көлтеген елдер ез экономикаларын реформалау кезінде ірі зайдар алу жолымен жүрген.

Сараланған көзқарасты жүзеге асыру кезінде біздің мемлекетіміз бұрынғысынша негізгі міндеттердің қатарына – инфляцияны төмендету міндетін қояды. Бірақ бюджет тапшылығын арифметикалық жағынан ең тәменгі қалпына келтіру есебінен ғана емес, бұған қоса оны қаржыландырудың инфляциялық емес көздерін пайдалану есебінен терең де икемді жүзеге асыру көзделеді.

Мұның өзі болашақ өрлеу тұғырын сақтап қалуға, стратегиялық проблемаларды шешу мен экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету үшін іргетас қалауға мүмкіндік береді, өйткені мұндай жағдайда мемлекеттің шығындары мардымсыз шектеуіштермен лимиттелмейтін болады. Бірақ бұл ретте тисінше аттап өтуге болмайтын, қарызға алынған қаражаттың нақтылы қайтарылуы ескерілетін қарыз міндеттемелерінің сатылары есепке алынатын болады.

8. Біз өз тарихымыздың ең қыын кезеңіне аяқ басып отырмыз. Жағдай былайша қалыптастып отыр: таяудағы 6-7 жыл ішінде, әсіресе алғашқы екі-үш жылда ел экономиканы реформалау мен жаңғыртуға қажет қаражатқа мейлінше ділгер болады. Оның бер жағында нақ осы жылдары ол мейлінше өткір қаржы тапшылығына тап болмақ. Бірақ түпкі қорытындысы көңілге сенім ұяладады: бағалау бойынша табиғи ресурстарды игеру және жасалып қойылған контрактларды жүзеге асыру есебінен Қазақстан 7-8 жылдан кейін оң қаржы сальdosына шығатын болады.

Мұнай мен газдың барланған ресурстары бойынша біздің еліміз мемлекеттердің таңдаулы тобына кіреді. Теніз мұнай мен газ кен орны және Қарашығанақ газ конденсаты кен орны өздерінің қор жағынан әлемдегі кен орындарының алғашқы ондығына кіреді, оларды игеруден мемлекет қазынасына түсетін жиынтықты қаражат 100 миллиард доллардан аспақ. Басқа мінералдық ресурстар жөнінен де еліміздің экспорттық әлеуеті аса зор.

Өзінің табиғи бай қазынасына парасатты иелік етіп, сыртқы зайдар арқылы болашақ кірістерді бүгінгі күннің мұқтажына пайдалана отырып, Қазақстанның уақытша қынышылықтарды еңсеруге және интенсивті экономикалық өрлеу сатысына шығуға қабілеті жетеді.

9. Негұрлым еркін әрі әлеуметтік жағынан негұрлым қолайлыш экономикалық саясаттың екінші нұсқасына бір сәтте көшу міндетін алға қою шындыққа жанааспас еді. Мұның өзі уақытты және ықжадаһатты жұмысты қажет етеді.

Сондықтан да үкімет алдына экономиканы тұрақтандыру үшін халықаралық практикада қолданылатын нысандар мен шарттар бойынша ішкі және сыртқы зайдарды тарту жөнінде қажетті шараларды қолдану және кейінгі он бес ай ішінде түзету енгізілген бағыт бойынша экономиканы дамытуды қамтамасыз етуге біртіндеп көшуді жүзеге асыру міндеті қойылды.

Қоғамдағы әлеуметтік шиеленіс жағдайынан арылудағы, инфляцияны ауыздықтау мен дағдарыстан шығудағы біздің жолымыз осыған саяды.

III. ДАҒДАРЫСТАН ШЫҒУ МЕН РЕФОРМАЛАРДЫ ОДАН ӘРІ ТЕРЕНДЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР

Дағдарыстан шығу мен экономиканы тұрақтандырудың басты бағыты – нарықтық қайта құруға серпін беру.

10. Әлеуметтік саясаттың қазіргі және орта мерзімді перспективадағы үstem мақсаты халықтың аз қамтылған топтарының және бір мезгілде өндірістік кесіпорындарды сауықтыра отырып, кесімді табысы бар адамдардың тұрмыс деңгейінің одан әрі төмендеуіне жол бермеу болып табылады.

Бұған қоса жұмыспен қамтуды арттыру және уақытша жұмыс істемейтін адамдарға әлеуметтік жағынан бейімдеу шараларын қолдану, әлеуметтік сактандыру жүйесін дамыту, сондай-ақ төлем жасаудың ең төменгі деңгейіне мемлекеттік кепілдікті және жоғары деңгейі бойынша шектеулерді біртіндеп алушы қамтамасыз ететін енбекке ақы төлеу жүйесін реформалау оның басты міндеті болып қала береді. Ұжымдық шарттар мен тарифтік келісімдер арқылы жұмысшылар мен қызметшілер, жұмыс берушілер мен кәсіподақтар арасындағы енбекке ақы төлеу деңгейін реттеудің шарттық принципі нормаға айналуға тиіс. Азаматтарға ең төменгі әлеуметтік норматив ретінде белгіленетін тұтыну деңгейіне мемлекеттік кепілдік беретін жағдайға жетуіміз қажет. Осыған сәйкес ең төменгі жалақы белгіленеді, бұл өзіндік құнға жатқызылатын енбекке ақы төлеу қорының өлшемдерін белгілеуге негіз болады.

Әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруды орталықсыздандыру қажет. Мемлекеттік қолдаудың белгілі бір төменгі мөлшерін мемлекеттік

денгейде белгілеп, ал аймақтық денгейде – жергілікті бюджеттің мүмкіндігі шеңберінде аз қамтылған азаматтарға қосымша көмек көрсету мәселелерін шешкен жөн.

Жұмысмен қамтылмаған адамдарға қатысты мемлекеттің әлеуметтік саясаты жұмысмен қамтылмаған енбекке қабілетті адамдарды шаруашылық қызметіне тарту үшін құқықтық және экономикалық жағдайларды жасау мен жетілдіруге бағытталуға тиіс. Ең алдымен зиян шегуші қесіпорындар мен өндірістерді тарату мен олардың банкротқа ұшырауы салдарынан адамдардың жаппай жұмыстан босауы және оларды жұмысқа орналастыру процестері ерекше бақылауға алынуы қажет. Жастарды қесіптік оқыту жүйесін экономиканың қажетіне сәйкес келтірген жөн.

Зейнетақымен қамтамасыз етудің қолданылып жүрген жүйесін жан-жақты талдау негізінде үкімет зейнеткерлік женілдіктерді реттеу, міндетті және ерікті зейнеткерлік сақтандыру жүйесін енгізу жөнінде жұмыс жүргізуге тиіс. Зейнетақымен қамтамасыз етудің үш сатылы жүйесін құруға бару қажет. Бірінші сатыға – мемлекет кепілдік берген ең тәменгі зейнетақылар, екіншісіне – міндетті зейнеттік сақтандыру бойынша берілетін зейнетақылар, үшіншісіне – мемлекеттік емес зейнетақы қорлары есебінен берілетін зейнетақылар жатады.

Дағдарыстық-тұрақтандырушылық даму сатысында үкіметтің әлеуметтік саладағы күш-жігері әлеуметтік-мәдени және тұрмыс мақсатындағы мекемелердің, ең алдымен медициналық қызмет көрсету мен базалық білім берудің қалыптасқан жүйесін қолдау мен сақтауға бағытталуы керек. Болашақта халыққа медициналық қызмет көрсетудің негізгі нысандарының бірі медициналық сақтандыру болмақ. Бұл бағыттағы таяудағы міндеттер – тиісті заң шығару базасын жасау және медициналық сақтандыру жүйесін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу болып табылады.

Тұрғын үй саясатын жүзеге асыруда үкімет жеке тұрғын үй құрылышына 30 жылға дейінгі мерзімге женілдетілген кредиттер беруге мүмкіндік табу үшін қаржы ресурстарын іздестіруге тиіс. Жоғарғы Кеңес осы мәселелер бойынша үкімет әзірлеп, енгізетін заң жобаларын қарап, қабылдауы қажет.

11. Үстіміздегі жылы атқарушы және заң шығарушы органдар инфляцияның қарқынын тәмендету, оны реттелетін арнаға салу жөнінде тиімді шаралар қабылдауға тиіс. Инфляция дағдарыстың ең жойқын белгілерінің бірі болып табылады. Ол бейне тат сияқты экономиканың негізгі тіректерін бұлдіреді, қесіпорындар мен халықтың жиган-тергенін құнсыздандырады, сәйтіп, экономиканың жандануына мүмкіндік бермей, ұлттық валютаны әлсіретеді. Бағаның тынымсыз өсуі адамдардың жүйесін діңкелетіп, келер күнге сенімсіздігін күштейтіп, болашақты жоспарлаудың мүмкіндігінен айырады.

Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп, инфляцияға қарсы қатаң қаржы-кредит саясатын жүзеге асыруды көсіпорындардың салық ауыртпалығын төмендету және нарықтық қайта құруды жүзеге асыруға арналған мемлекеттің шығынын инфляциясыз арттыру бағытына біртіндеп көшуді ескере отырып, жалғастыруға тиіс.

12. Көсіпорындардың басым көпшілігі осы күнге дейін нарықтық экономика жағдайындағы жұмысқа және қатаң қаржы – кредиттік шектеулерге икемделе алмай отыр. Көптеген директорлар жақсы технологтар әрі инженерлер болғанымен, үйымдастырушылар мен менеджерлер бола алмай жүр. Олар бұрынғыдан жалпы түсім, тонна-километр машинымен ойлаудан арыла алмай отыр. Өндірілген өнімді өткізу проблемасы әлі күнге дейін өкіншті кезекте тұр, ал нарықтық жағдайда ол алдыңғы қатарда тұруға әрі нысаналы болуға тиіс. Егер объективті тұрғыдан қарасақ, төлем жасалмаудағы, өндірістің құлдырауындағы жағдай көбінесе шаруашылық жүргізушілердің икемсіздігіне, оларда нарықтық көзқарас пен өрекеттің жоқтығына байланысты.

Үкімет мемлекеттік көсіпорынның өндірістің рентабельділігін арттыруды көздейтін менеджерлерін ынталандырудың тетігін тез арада табу қажет. Бұгінде басшылыққа қолында көсіпорынды тиімді жұмыс істеуге бастайтын бағдарламасы бар, маркетингті және өндірісті жаңарту құралын таба билетін адамдар келуге тиіс.

Мемлекеттік көсіпорынның өндірістің рентабельділігін арттыруды көздейтін менеджерлерін ынталандырудың тетігін тез арада табу қажет. Бұгінде басшылыққа қолында көсіпорынды тиімді жұмыс істеуге бастайтын бағдарламасы бар, маркетингті және өндірісті жаңарту құралын таба билетін адамдар келуге тиіс.

13. Қазақстанның егемендігін әрі нарықтық экономиканың нақтылы талаптарын ескере келгенде, ақша-кредит және банк жүйесіне реформа жасау мәселеци пісіп-жетілді.

Ұлттық валютаны нығайту және инфляцияға қарсы тиімді саясатты жүзеге асыру жөніндегі шараларды жүргізумен дербес әрі өзінің жауапкершілігіне алтып шұғылдану үшін Ұлттық банк атқарушы, сондай-ақ шығарушы биліктен, қарсы өрекеттен тәуелсіз болуға тиіс. Бюджетті қаржыландыру және ақша эмиссиясын жүзеге асыру саласында ол сондай-ақ резервтік жүйенің қызметін атқаруға тиіс. Бұл Конституцияға түзетулер енгізуді талап етеді.

Үкіметтің, Ұлттық және коммерциялық банктар мен көсіпорындардың активі мен міндеттемелерінің ара-жігін ажыратуды жүзеге асыру қажет. Бұл оңай міндет емес, оны шешу өзара тәлемдердің жасалмауымен шырмалып әрі таяуда көсіпорындардың қарыздарын өзара есепке алуды жүргізу барысындағы еңбекке ақы төлеуге кредит берумен қынрайт түскен еді.

Үкіметтің талабы бойынша берілген орталықтандырылған кредит ресурстары жөніндегі барлық міндеттемелер, сондай-ақ үкіметтің қысымымен Ұлттық банк берген кредиттердің мерзімін ұзартуға байланысты барлық

қаржы міндеттемелері банк жүйесінен алғынып, бюджетке берілуге тиіс. Осылайша үкімет бюджеті коммерциялық банктердің жүйесі арқылы нысаналы жүзеге асырылатын үкіметтің кепілдік кредиттері жөніндегі жауапкершілікті мойнына алуға тиіс. Бұл үкіметтің селога және мемлекеттік кәсіпорындарға жеңілдікті кредит бөлуге деген ынтасын бәсекесітіп, оларды реформалауға шындал кірісуге мәжбүр етеді.

Үкімет барлық қажетті шарттарды дайында болған соң, мемлекеттік кәсіпорындардың әлеуметтік объектілерді пайдалануға арналған шығынын өзіне алуға тиіс. Мұнан кейін ол сол объектілерді жекешелендіруге немесе шарт бойынша жалға беруге құқылыш.

Ұлттық банктің коммерциялық банктер мен мемлекеттік кәсіпорындардың баланстарын үкімет "жүгінен" арылтқаннан кейін Ұлттық банктің кредиттері бойынша төлемдердің мерзімін ұзарту практикасын доғарып, банкротқа ұшыраушының төлем жасауға қабілетті тұлғаға айналуына жол бермейтін банкроттықтың қатаң тетігін енгізе отырып, берешекті өндіріп алу жөніндегі талапты едөуір қатайту қажет.

Капиталдың толықанды нарығын қалыптастыру мақсатында Ұлттық банк қарыз проценттінің ставкасын репрезентативтік кредит аукционы арқылы несиелік проценттер шамасын айқындауды бекемдей тусуі көрек. Орталықтандырылған кредит ресурстарының қалған бөлігі үкіметтің өзінің шешімі бойынша ғана өндіріске жіберілуге тиіс. Мұны былай қойғанда, кредиттік жоспарлар тоқсан сайынғыларын қоса, үкіметтің басымдықпен қатысуы арқылы қалыптастырылуға тиіс. Бұл ретте шығынды әрі тиімділігі төмен өндірістерге кредит беруге заң жүзінде тыйым салынуы қажет.

Кең түрғыдан кез салсақ, банкроттық, кепілдеме және лизингі, соларға байланысты процедуralар жөнінде жаңа зандар қабылдау, Ұлттық банк пен коммерциялық банктер туралы зандарды нақтылай тусу қажет. Әңгіме дивидендер, бақылау, қаржы нәтижелері, басқару, басқарушыны тағайындау мен орнынан алу және басқалары туралы болсын, мемлекет пен мемлекеттік кәсіпорын арасындағы барлық қатынастарды нақтылы негіздеу көрек. Мұны мемлекеттік кәсіпорындар туралы занды қабылдай отырып, осымен бір мезгілде кәсіпорындар туралы заның құшін жоя отырып жасаған жөн.

14. Кәсіпорындарды "науқас" пен "сауға" жіктеу тетігін енгізбейінше, төлемдер жасамау дағдарысын еңсеру мүмкін емес. Әлсіздердің қатарындағы экономикалық жағынан оңалып, қайта қалпына келуге жарамды кәсіпорындар ғана "ем" қолдануға, сауықтырылуға ілігеді, ал қалғандары – банкротқа ұшырағандар ретінде жойылып кетеді. Олардың ауыртпалығын ешкімде – үкімет те, қызмет көрсетуші банктер де мойнына ала алмайды. Әбден сенімнен шықкан борышкерлерден арылу банк тәуекелін төмендетіп, банктердің есеп ставкаларын азайту үшін алғышарттар жасайды.

Сауықтыру қызметі мен шығынды қасіпорындардың банкрот болуы жөніндегі міндеттін жүзеге асыру үшін банк немесе қалпына келтіру жөніндегі агенттік арқылы арнаулы құрылымын жасақтау туралы мәселені пысықтау қажет, бұл керек болған жағдайда жеке жоспар бойынша шығынды қасіпорындарды қаржылай сауықтырумен шұғылданатын болады.

Бұл процестің түп тәртібі мынадай: құлдыраған қасіпорындар, ең алдымен осындай ірі қасіпорын ерікті түрде немесе өкілетті органдардың шешімі бойынша аталған банктің (агенттіктің) қамқорлығына алынады да, оған осы сәттен бастап меншікке уақытша иелік ету құқы беріледі әрі ол осындай қасіпорынның жаңа бақылаушы кеңесін құрады.

Егер банк (агенттік) қасіпорын қайта көтерілуге бейімдеген тұжырымға келсе, ол қасіпорынның қарызын құрылымдық жағынан қайта құру арқылы оны сауықтыру мен жекешелендіруді жүргізеді, менеджерлердің құрамын алмастырады, ұсақ қасіпорындарға бөліп, мұліктік активтерді сату, сауықтыруға қажетті басқа да шараларды жүзеге асырады. Шағын және орта қасіпорындар бойынша ем жасау негізінен банк (агенттік) тарапынан консультация беру, қайта жаңарту жоспарына көмек көрсету, ал жекелеген жағдайда қаржылай көмек жасау сипатында жүргізіледі.

15. Қасіпорындарды реформалауда кейіннен жекешелендіруге ұласатын мемлекет иелігінен алудың бұрынғысынша өзекті мәні болады.

